



● БАҚ ДЕГЕНІМІЗ – БАҒДАРШАМ



Жаңалықтың жаршылары

Жүзден жүйрік журналистер марапатталды

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов өңірлік және республикалық БАҚ қызметкерлерін марапаттады. Салтанатты шараның ашылуында сөз сөйлеген өңір басшысы журналистерді кәсіби мерекесімен құттықтады. Арнайы аталымдар бойынша жыл бойы жемісті

еңбек еткен «төртінші билік» өкілдері сахнаға шақырылды.

«Қостанай таңы» газетінің фототілшісі Бағдат Ахметбеков «Объективтегі әлем» аталымындағы жеңісі үшін сыйлыққа ие болды. Қазақстан Журналистер одағының сыйлығы «Қостанай таңы» газетінің шеф редакторы Өлібек Ыбырайға, тілшілер Мұрат Жүніс пен Айтолқын Айқадамоваға тапсырылды. Сондай-ақ, Таран ауданы тағайындаған Бейімбет Майлин атындағы арнайы сыйлық

біздің тілшіміз Нұрболат Мешітбаевқа берілді. Өріптестерімізді жетістіктерімен құттықтаймыз!

Төл мерекеге арналған марапаттау жиынының толық есебін газеттің келесі санында жариялаймыз.

СУРЕТТЕ: Қостанай облысының әкімі А.Мұхамбетов «Қостанай таңы» газетінің фототілшісі Б.Ахметбековке сыйлық тапсыруда. Суретті түсірген Алмас БАТЫРХАН.

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 кейде 16 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет «Ақшам» қосымшасымен 24 бет болып шығады. Газет түрлі-түсті болып басылады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы жыл басынан өзгеріссіз қалды, яғни:

– жеке оқырмандарға жазылу бағасы:

6 айға – 2100 теңге.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

6 айға – 2500 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

6 айға – 1950 теңге.

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Қостанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде

жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54626.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54627.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54625.

● БАСПАСӨЗ – 2016

«Қостанай таңы» газетіне 2016 жылдың екінші жартысына жазылу аяқталуға жақын

Арқалық, Жітіқара, Лисаков, Рудный қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54679.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54680.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54678

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54752.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54753.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54751.

Жаңа төраға тағайындалды

Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев Қостанай облысы соттар әкімшісінің басшысы Дастан Каиповпен бірге қызметтік іс-сапармен Рудный қаласында болып, қалалық әкімдік ғимаратында жергілікті активке қалалық соттың жаңа төрағасы Арыстанбай Сәлмұхаметовты таныстырды.

Бұған дейін ол Лисаков қалалық сотының төрағасы қызметін атқарған. Жалпы жұмыс өтілі 13 жыл. Облыстық сот төрағасы А.Сәлмұхаметовты жаңа тағайындалуымен құттықтап, абыройлы қызмет, еңбекте табыс тіледі.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.



Кәсіби мерекемен құттықтады



Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный қаласының әкімдігінде Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай салтанатты жиын өтті. Кәсіби мерекемен тілшілер қауымын әкімнің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Елена Скареева құттықтап, жыл бойы еңбегімен көзге түскен бір топ қызметкерге алғыс хаттар мен гүл шоқтарын табыстады.

– Бүгін сіздерге шын көңілден алғыс айтқым келеді. Себебі, сіздер аса жауапты мамандыққа адал болып, халықтың мұңы мен мұқтажын өз мүдделеріңнен биік қойып, халық үшін жұмыс жасап келе жатырсыздар. Сол жұмыстарыңыз жемісті болсын! Дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға шығармашылық табыс, даму тілеймін, – деді өз сөзінде Елена Вадимовна.

Айта кетерлігі, қазіргі таңда кеншілер қаласында 15 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Олардың қатарында "Рудненский рабочий", "Магнетит", "Хорошее дело", "Білім шаңырағы", "Лови момент" газеттері, "Рудный дауысы", "Сана" телерадиокомпаниялары мен бірнеше кабельдік телеарналар бар.

Қабылдау басталды

Гүлназым САҒИТОВА

Қазіргі кезде еліміздің, соның ішінде облысымыздағы барлық жоғары оқу орындарында қабылдау комиссиялары жұмыс істеп жатыр. Ал, 112 жоғары оқу орындарының базасында кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдау 20 маусым мен 9 шілде аралығында жүргізіледі. Талапкерлердің кешенді тестілеуі қырық төрт жоғары оқу орындарының базасында 17-23 шілде аралығында өтеді. Кешенді тестілеу барысында осы базалық ЖОО республикалық және апелляциялық комиссиялар жұмыс істейтін болады.

● ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

"Тіл мерейі"

Гүлназым САҒИТОВА

Міне, осындай тақырыппен облысымызда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты республикалық іс-шара өткізді. Шараның мақсаты – мемлекеттік тұрғындарға үйрететін оқытушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру, онлайн әдісімен озық тәжірибелермен алмасу, мемлекеттік тілдерді оқыту орталықтарының оқытушыларын ынталандыру болып табылады.

Іс-шараға еліміздің танымал әдіскер-ғалымдары, тіл мамандары, үйренушілер сол секілді Астана, Алматы қалалары мен республикамыздың барлық облыс орталықтарындағы мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының оқытушы-әдіскерлері қатысты.

– Бұрындары өткізілетін осындай іс-шараларымыз байқау ретінде болса, енді панарамалық сабақтарымызбен қатар онлайн сабақ та өткізбекпіз. Жиналғандарға ең жақсы, үздік деп танылған мемлекеттік тіл үйренудің жаңа бір-екі әдістемесімен таныстырмақпыз. Күнделікті өмірде қазақ тілінің бар сөзін қолдана бермейміз ғой. Қолданылатын сөздерге де мониторинг жасадық. Сонда кем дегенде жүз отыз сегіздей сөз қолданады екенбіз. Абай атамыз өзінің шығармаларына 900 сөз, Мұхтар Әуезов 15 мың сөз қолданыпты. Базалық сөздер деген болады, қазақ тілінде міне, осы базалық сөздердің саны 900-1000 я одан да көп болуы мүмкін, сол сөздердің тізбегін жасап жатырмыз, біріншіден, ол сөздер қолданылуы керек, екіншіден, ол сөздер басқа сөздермен байланысуы қажет, – деді Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры Ербол Тілешов.

Бүгінде мемлекеттік тілді үйренемін деушілерге кітапханаларымыз бен кітап дүкендерімізде кезіндегіндей емес анықтамалықтар, әдістемелік оқу-құралдары, сөздіктер, аудио-бейне таспалар, небір көрнекі құралдар жеткілікті, тек ынтаңыз бен ықыласыңыз болсын. Елімізде тіл оқытатын орталықтардың саны 88 болса, соның ішінде біздің облысымызда да тіл оқытатын, үйрететін оқыту орталықтары бір-екеу емес, 18 орталық жұмыс істейді. Барлық орталықтардың материалдық-техникалық жағынан, білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі де жоғары. Сондықтан тіл үйренемін деушілердің тіл оқулықтары, әдістемелік құралдар жетіспейді деп айтатын уәждері қисынсыз дер едік, олардың мазмұны жағы-



нан сапасы да жақсы.

Іс-шараның модераторы еліміздегі Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов болды. Сол секілді іс-шара аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Тілдерді дамыту және мониторинг басқармасының басшысы Толқын Исақова, республикамызға белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбеков, Қостанай облыстық тілдерді дамыту басқармасы жетекшісінің орынбасары Қазымбек Ахметов сөз сөйледі.

– Қазіргі кезде елімізде мемлекеттік тілді үйретуге арналған небір әдістемелік, тіл үйрету оқу-құралдары бар. Қайсысын алып үйренемін десеңіз өз еркіңіз. Оқу-құралдары да жеткілікті, таңдау өзіңізде. Оқыту орталықтарында білікті оқытушыларымыз жұмыс істейді. Әдетте әдістемелердің бәрі тілдің грамматикасынан басталады, тіл үйретудің әдістемелері көп, оның көп болғаны да жақсы. Ал, енді менің ұсынып отырған әдістемем сол көп әдістемелердің бірі. Мәселен, тіл үйретуіміз төрт деңгейден тұрады делік, біріншісі, ауызекі деңгей, ол деңгей 300-350 сөзден тұрады, екіншісі, ауызекі кәсіби тіл, алып қараңыз, әр саланың өзіне тән терминдері, сөздері болады, оны әркім қолдана бермейді ғой, үшіншісі, ауызекі іскер сөздер, төртіншісі, ауызекі әдеби сөздер. Тіл үйренемін дегендер осы деңгей бойынша үйренетін болса, көп ұтатыны сөзсіз. Көрдіңіз бе, барлық деңгейде де ауызекі деген сөзді қолданып отырмыз, оның да өз мәнісі бар, ауызекі сөйлеуді үйренген, келешекте мемлекеттік тілде жазу-сызуды да үйренетін болады. Әдістемелеріміздің барлығы тіл үйретудің шаралары, – деді А.Байтұрсынов атындағы Тіл институтының қызметкері, ғалым Әлімхан Жүнісбеков.

Іс-шараның теориялық бөлімінде ғалым ағамыз Әлімхан Жүнісбеков "Грамма-

тикасыз оқыту әдістемесі" атты бейнебаяндамасын көрсетіп, жиналғандардың назарына тіл үйретудің үлгілерін ұсынды. Үлгілер оңай, орташа, қиын деп үш деңгейден тұрады.

Әсіресе балаларға арналған "Әріпқұрақ" я "Сөзқұрақ" деп аталатын әдістемелері көңіл аударарлық екен. Мәселен, "Күн аттарын үйрету" деген бөлімді алайық, апта аттарында, тек жұмадан басқасында сенбі деген сөз бар екен, осы сөзді ұмытпаса, апта аттарын жаттауға, ұмытпауға көп септігін тигізеді екен. Ал, әріптерді үйретудің де өзіндік әдісі бар. Кішкене балалар әріптерді пазл секілді жинап, құрап шығарады. Әдістеме оңай әрі жеңіл, дыбысталуы да бар, ғалымның айтуынша, тіл үйрену барысында көз көреді, құлақ естиді, ми жұмыс істейтін болады.

Сонымен бірге іс-шарада Қостанай облыстық тіл оқыту орталықтарының оқытушылары жиналғандарға мәселен, "Тіл мерейі – 2014" байқауының бас жүлдегері Айткүл Доспанова А2- базалық деңгейде "Уақыт – алтыннан да қымбат", "Қазақ тілінің үздік оқытушысы – 2010" байқауының бас жүлде иегері, тіл оқыту орталығы директорының міндетін атқарушы Гүлнәр Талапова С1 – жоғары деңгейде "Ыбырай Алтынсарин – ұлы ағартушы" онлайн сабақтарын, панарамалық сабақтардың әртүрлі деңгейінде оқытушылар Заманбек Берікқара "Алтын сапа – үздіктерге берілетін сыйлық", Жанна Жарасбаева "Мамандығым – мақтанышым" өткізді. Ал, Қазтест жүйесіне негізделген сабақтарды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Назыкен Егізбаева қорытындылады, артықшылығы мен кем-кетігін саралады, деңгейлік сабақтарға шолу жасады. Әдіскер-ғалымдар, оқытушылар болса мемлекеттік тілді оқытудың тиімді технологияларымен, әдіс-тәсілдерімен бөлісіп, тәжірибемен алмасты.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

Суретті түсірген

Айбек ЖҮЗБАЙ.

«Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным»



**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлігі облыстық басқармасының ұйытқы болуымен «НұрОтан» партиясы Арқалық қалалық филиалында осындай атаумен дөңгелек үстел өткізілді.

Алқалы жиында сөз алған «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Хамзин мен саяси кеңес мүшесі А.Айтмағанбетов мемлекеттік қызметшілерді төл мерекелерімен құттықтады.

Қала әкімдігінің «Кадрлық жұмыс жөніндегі бөлімінің» бас маманы А.Болатқызы, «Ұйымдастыру және бақылау бөлімінің» бас маманы Ө.Серікқызы, «Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің» бас маманы И.Бәкірқызы, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Д.Жоламанұлы «Мемлекеттік қызметшілерге жүктелетін міндеттер», «Мемлекеттік қызметтегі әйел рөлі», «Мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыптарын егжей-тегжейлі талқылады.

– Бұл кәсіби мереке – Елба-

сының бес институционалдық реформасын жүзеге асыру барысындағы «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» бағдарламасының жемісі. Жүз нақты қадамның алғашқы 15 қадамы мемлекеттік қызметке қатысты. Басты мақсат – кәсіби мемлекеттік аппарат құру. Осы қадамдар арқылы Қазақстанның барлық аумағындағы әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер халыққа сапалы қызмет көрсетулері тиіс. Мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру шаралары барлық мемлекеттік мекемелердегі жұмыс тиімділігін арттыратыны ақиқат.

Мемлекеттік қызметшілер күні биыл екінші рет аталып өткелі отыр. Бұл мереке – мемлекеттік қызметкерлердің еңбек етуге деген құлшыныстарын арттырады сөзсіз. Халық үшін маңдай терін төгіп, адал еңбегімен ел аузына ілініп жүрген қарапайым, ізетті, мейірімді мемлекеттік қызметшілерді төл мерекелерімен құттықтаймын! – дейді «Нұр Отан» партиясы Арқалық қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Сейітжанұлы.

– Елбасымыз Н.Назарбаев: «Қоғамның даму барысын өмірде



нәзік, көңілде биік, ал істе мығым әйелдер қауымынсыз елестету мүмкін емес» деген. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында әйелдердің азаматтық белсенділіктері өсті. Бүгінгі күні әйелдер отбасы ошағының сақтаушылары болып қана қоймай, болып жатқан өзгерістердің белсенді қатысушылары болып табылады.

Қазіргі таңда қаладағы мемлекеттік мекемелер басшыларының 6-ы, ауыл әкімдерінің 7-і нәзік жандылар өкілдері. Мемлекеттік қызметкерлердің басым бөлігін қыз-келіншектер құрайды.

Мен қызмет атқаратын бөлімнің де басшысы әйел адам. Осы бөлімде бір жылдан артық жұмыс атқарып келемін. Мекеме басшысы Наталья Гайдаренко ханымды өз басым үлгілі басшы, өнегелі тәлімгер, үздік мемлекеттік қызметкер деп танимын. Елімізде осындай үлгі тұтар мемлекеттік қызметкерлер көп болған жағдайда мемлекетіміз әлемдегі үздіктердің қатарынан көрінетініне кәміл сенемін, – дейді қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің бас маманы Индира Бәкірқызы.

Дөңгелек үстел жұмысына мемлекеттік қызметшілер, облыстық «Балалар және жастар ұйымы ассоциациясының» жобалық менеджері А.Осадчая және БАҚ өкілдері қатысты.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Дөңгелек үстелден көрініс.

Салауатты өмір салтын қолдаймыз

26 маусым күні облыстың ішкі істер департаментінің кинологиялық қызмет орталығы қызметкерлерінің қатысуымен халықаралық нашакорлықпен және есірткі бизнесімен күрес күніне орай концерт ұйымдастырылды.

Полицейлер қалалықтарға полицияда қандай иттердің қызмет ететіні туралы айтып берген соң, қызметтік-ізвестіру иттерінің есірткі жасырылған құпия орындарды қалай іздеп табатынын көрсетті. Арчи атты ит жүздеген көрерменнің көзінше есірткі орнын тез тауып берді. Бұдан соң инспектор-кинологтар қызметтік иттердің көмегімен қылмыскерлердің қалай ұсталатынын көрсетті. Осы күні Сити-орталықтағы сахнада ОИД үздік кинологтарына марапаттар тапсырылды. Полицейлер жиналғандардың сұрақтарына жауап беріп болғасын, қызметтік иттермен суретке түсуге рұқсат етілді.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдар, атап айтқанда ОИД, мәдениет және білім басқармалары, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы ұйымдастырған іс-шарада салауатты өмір салтын ұстау қажеттігі жиі айтылды. Кекушинкай-Караэт секциясының спортшылары сахнада өз шеберліктерін байқатса, №1 облыстық балалар мен жасөспірімдер мектебінің гір көтерушілері шыдамдылық пен батылдықтың үлгісін танытты. Спортшылармен күш сынаспақ болған көрермендер де аз болған жоқ. Іс-шара аясында суреттер көрмесі ұйымдастырылып, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының психологтары танымдық кітапшалар таратты. Сондай-ақ, «Мирас» мәдениет үйінің өнерпаздары көрермендерді өз өнерлерімен тәнті етті.



Еуропаның ең биік нүктесіне шықты

Қостанай облысы Заречный ауылының 62 жастағы тұрғыны Михаил Терехов Еуропаның ең биік нүктесіне шықты. Михаил Тереховке екі жыл бұрын жүректі шунттау бойынша ота жасалған. Дәрігерлер ол үшін үйде қозғалу қиын болады деген. Ал Михаил тауға шықты. Ол ақпан айында Килиманджароға (5895 метр), ал 17-маусымда Эльбрусқа (5642 метр) көтерілді.

– Бұл жолы қиындау болды. Мұз, қар, қатты жел, айналаның көрінбеуі біраз қиындик тудырды. Бір мезетте қайта ораламыз деп те ойладық. Тауға шығар алдында Эльбруста тәжірибелі альпинист Владимир Могиланың қаза тапқаны туралы хабар естідім. Алайда, жоспарымнан бас тартпадым. Түнгі сағат екіде шықтық, – дейді Михаил.

Михаил Терехов тауға гүл ала барып, оны Приэльбрусьеде қаза тапқан сарбаздардың қабіріне қойды. –5000 биіктікте гипоксия болды, бас ауырып, жүрек қатты соғып, ауа жеткіліксіз бола бастады. Жел қатты. Алайда, тауға шыққанда терең тыныс алып, бақытты сезіндім. Килиманджарода болғанда Қазақстанның байрағын қолда ұстап тұрдым! – деді М.Терехов.



Дычко мен Кличко жұдырықтасты

Қостанайлық боксшы Иван Дычко украиналық Владимир Кличконың командасының арнайы шақыруымен Австрияда болып, 2 апта бойы жаттығу жұмыстарын өткізді. Танымал боксшы Кличко британиялық Тайсон Фьюриге қарсы қарымта кездесуіне дайындығын пысықтау үшін Дычконь да шақырыпты.

Кличко спарринг серіктес ретінде отандасымыздан бөлек, тағы 6 кәсіпқой боксшыны шақырған. Жаттығу жұмысына қатысқан спортшылардың айтуынша, Иван олардың арасында жалғыз әуесқой боксшы болғанына қарамай, жақсы өнер көрсеткен.

– Жаттығу өте жоғары деңгейде өтті. Владимир Кличко секілді тәжірибелі боксшымен қолғап түйістірудің өзі – бір мәртебе. Бір «әттең-айы» – Кличко мен Тайсон Фьюри арасындағы жекпе-жек кейінге шегерілді, бұл кездесудің қашан өтетіні әзірге белгісіз болып отыр. Осы жаттығу кезінде көп тәжірибе жинақтап қайттым. Алдағы уақытта тағы да осы сынды жаттығу жұмыстары болып жатса, міндетті түрде қатысамын, – дейді И.Дычко.

Айта кетейік, қазір 25 жастағы боксшымыз тамыз айында басталатын Рио Олимпиадасына қызу дайындалып жатыр. Ол 91 келіден жоғары салмақта ел намысын қорғайды.

Кенже ҚОНЫСБАЙ.



Техникалық жаңғырту жалғасуда

«ССКӨБ» АҚ автопаркі тағы да жаңа техникамен толықты. Жуырда ғана комбинаттың өндірістік алаңдарына «HITACHI» автосамосвалдары жеткізілген болатын. Бүгін, міне, автокөлік басқармасының қызметкерлері заманауи үлгіде жабдықталған тағы да 3 көлікке ие болды.

Соның бірі – германиялық «BOMAG» фирмасы шығарған өздігінен жүретін грейдер. Техникалық прогрестің соңғы өкілі саналатын оның іші адамға өте жайлы, басқаруы еш қиындық туғызбайды. Кабинада желдеткіш, гидроруль мен дабылқақыш орнатылған. Қуатты двигатель жанармайды электронды түрде реттеп отырады. Яғни, экологиялық стандарттарға жауап береді.

Кәсіпорынға әкелінген «KAMATSU» маркалы бульдозер де жайлылығы жағынан ешқайсысынан кем түспейді. Энергия мен адамның еңбегін үнемдеп, жоғары өнімділікті қамтамасыз ететін бұл техникада грунтты тегістеу мен жерді қопсытуға арналған барлық құрылғылар бар. Жолда жылдам қозғалады. Кабиналары кең. Айналадағы заттарды еш кедергісіз көруге болады. Стажировка барысында жаңа техниканың жүргізушілері осыған көз жеткізді.

Еңбек өнімділігін арттырудың бірден бір жолы – техниканы жаңарту. Осы тұста комбинат басшылығы қыруар қаржы бөліп, тұрақты дамуды қамтамасыз етіп отыр. Алдағы уақытта да өндірісті



жаңғыртуға бағытталған осындай жұмыстар өз жалғасын табе бермек.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Көрімдіктің көлеңкесі

немесе жалпыға бірдей табысты жариялау туралы бірер сөз

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Тек, мемлекеттік қызметкерлердің ғана емес, жалпы қазақстандықтардың табысын айқындап, қаржы айналымының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, елімізде ауқымды жобалардың жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Солардың бірі жақында енгізілгелі тұрған жалпыға бірдей табысты жариялау тәртібі. Айтулы жоба жүзеге асырылған жағдайда, көлденең және күмәнді табыс тізбегін үзіп, азаматтарымыздың адал еңбегімен нанын табуына жол ашатын боламыз.

Жарқын болашаққа жетелер жаңа заңның жағымды жақтары басым болғанымен, біздің болмысымызға керемет тұстары да бар болып шықты. Атап айтар болсақ, табысты декларациялау тәртібіне сай, төменгі айлық мөлшерінен 160 есеге асатын соманың қайдан келгенін қаржы иесі дәлелдеуге міндетті. "Онда тұрған не бар? Біздің болмысымызға (менталитетімізге) мұның қандай қатысы бар?" – дерсіз... Әгерәки, ұлыңызды үйлендіріп, ұлан-асыр той жасап, беташары мен келін көрімдігі, қонақтардың сый-сияпатын қоса есептегенде 3 млн. 700 мың теңгеден астам табыс түсіп жатса, мұны сіз мемлекеттік органдарға хабарлап, табыс есебінде тіркетуге міндеттісіз. Тиісті сала мамандары қаржының қайдан жиналғанын дәлелдеуге мұрсат береді. Ол үшін талай табалдырықты тоздырып, қажет болған жағдайда сотқа жүгінуге құқыңыз бар. Қостанайлықтарға жат көрінсе де, оңтүстік өңірлерде қатты бағаланатын көне салт – қалың мал алсаңыз да, оны заңдастыру азаматтық парызыңыз. Көрімдік беруге құштар көкеңіз су жаңа дипломыңыздың арасына қомақты қаржы қыстырса да осы...

ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік табыс комитеті, Методология басқармасының жетекшісі Дмитрий Шинкаренконың



мәліметіне жүгінер болсақ, кіріс пен шығыстың барлығын да заңдастыру міндетті емес. Яғни, күнделікті нан мен сүтіңізге кетер шығын есепке алынбайды. Тек қымбат, құнды заттар ғана есепке алынуы тиіс. Мәселен көлік, жылжымайтын мүлік пен қымбат жиһаздар, құнды картиналар мен жәдігерлер есепке алынады. Оның өзінде, бұйым бағасы төменгі жалақы мөлшерінен 160 есеге асқан жағдайда ғана тіркеледі. Мүліктің (қаржының) қайдан келгенін дәлелдей алмасаңыз, ол үшін айыппұл төлейсіз, қосымша салық та қарастырылған.

Еліміздің "Азаматтық кодексіне" сай кез-келген келісім, сауда, айырбас, мұрагерлік немесе сыйға тарту іспетті әрекеттер нотариустың қолымен расталуы тиіс. Ендеше, тойдан түскен ырыздық-несібеңізді кәдеге жаратқыңыз келсе, тойшыл қауымға заңгерлерді де қосуды ұмытпаңыз. Немесе сотқа жүгініп, табыстың тойдан түскенін куәгерлермен куәландыруыңызға тура келеді.

Салық саласы мамандарының пайымдауынша, қазақтың той-томалақтары болашақта көлеңкелі қаржыны заңдастырудың ошағына айналуы ықтимал. Көлеңкелі жолмен табыс тауып

жүргендер шамалы той жасап, тапқан-таянғанын осы әдіспен заңдастыруы да ғажап емес. Жалпыға бірдей табысты декларациялау – осы тектес қитұрқы әрекеттерге тосқауыл қоймақ.

Елімізде табыс пен мүлікті декларациялау жүйесін енгізу алдағы жылға жоспарланған. 2017 жылы қолға алынатын шараға сай, мемлекеттік қызметкерлер сондай-ақ, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компанияның әкімшілік өкілдері, жеке тұлғалардың осы жүйеге барынша төселген топтары өз табыстарынан есеп береді. Ал, 2020 жылдан бастап, әрбір қазақстандық салық органдарына есеп беретін болады.

Елбасымыз айтқандай, бұл шара экономикамыздың үлкен бөлігін "көлеңкеден" шығаруға септігін тигізеді және бізді дамыған елдердің экономикалық транспаренттілік деңгейіне жақындатады. Көлеңкелі экономика – орнықты дамудың бірінші жауы және сыбайлас жемқорлықтың жақсы жолдасы. Сөйте тұра, барлық дамыған экономикалар табысты жаппай декларациялау үдерісін тек ХХІ ғасырдың басында ғана аяқтап, жолға қойды. Ел еңсесін тіктегіміз келсе, бізге де осы өткелден өтуге тура келеді.

Сіздерге тынымсыз кәсіптеріңізге деген адалдықтырыңыз, болып жатқан жаңалықтарды тұрғындарға жеткізіп, маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуге зор үлес қосып келе жатқандарыңыз үшін №10 жалпы орта білім беретін мектебі ұжымы зор алғыстарын білдіреді.

Құрметті БАҚ өкілдері, мереке құтты болсын! Қаламдарыңыз қарымды, жолдарыңыз ақ, денсаулықтарыңыз мықты, жаңалықтарыңыз қызықты болсын. Барлықтарыңызға шығармашылық шабыт тілейміз. Әрқашан да бірлесе жұмыс жасай берейік!

Батырхан КАРАШИНОВ,
№10 жалпы орта білім беретін мектебі атынан.

Арқалық қаласы.

● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМА, ДАМУ

Мақсат айқын, міндет зор

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму" атты биылғы жылға арналған Жолдауы ел ертеңіне деген сенімді үстей түскен құжат болғаны анық. Мемлекет басшысы басты мақсаты айқындады – ол Отанымыз Қазақстанды бақытты да өркендеген халқы бар Мәңгілік елге айналдыру, әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына енгізу, бай да қуатты елдермен теңестіру.

Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарына кірген егемен ұлттық экономика ретінде, дүниежүзілік ұлттар отбасының толыққанды қатысушысы болған мемлекет ретінде орнықты. Біз бүкіл тарихымызда болмаған табысты экономикалық даму қарқынына қол жеткіздік. Бұрын ешқашан біздің халқымыз қазіргідей жақсы өмір сүрген емес. Қазақстандықтар өмірінің орташа ұзақтығы 10 жыл ішінде 64-тен 72 жасқа жетті. Барлығы 1300 денсаулық сақтау және 1700-ден астам білім нысандары салынды.

Сонымен қатар, Президент "қазіргі кезде жаңа мүмкіндіктер мен жаңа қатерлер ұштасқан шиеленісті де ауыр кезең туып отыр", – деп атап көрсетті. "Жаһандық дағдарыс – тек қауіп ғана емес, бұл жаңа мүмкіндіктер". Біздің қол жеткен табыстарымыздың сынға түсетін уақыты және қазақстандық мемлекеттің нығайтатын уақыт туып отыр.

Мемлекет басшысы "біздің дағдарыстарды еңсеру тәжірибеміз бар. Жаңа жаһандық қатерлерге біз өзіміздің нақты мүмкіндіктеріміздің негізінде тұтас іс-қимыл стратегиясын қарсы қоюға тиістіміз", – деп атап айтты. – Осынау жауапты кезеңде бірлікті сақтау қажет, "біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз

үшін" қағидатын ұстана отырып, ел игілігіне тер төге еңбек ету керек".

Президент дағдарысты еңсеру жөніндегі тұтас іс-қимыл стратегиясын – бес нақты іс-шарадан құралған дағдарысқа қарсы тұру және алдын алу стратегиясын айқындады. Жолдауда экономикалық реформалар негізінде дағдарыс жағдайындағы экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған экономика саласындағы кезек күттірмейтін және пәрменді қадамдар бойынша аса анық тапсырмалар бар. Бұл – жеке бастамашылық арқылы экономикалық өркендеу. Бұл – 100 нақты қадам реформалары. Бұл – жалпыға ортақ еңбек қоғамы және әр азаматтың әлеуметтік жауапкершілігі. Бұл дегеніміз – өз теңемізді қолдану, қаражатымызға сөйкес өмір сүру, мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің дамыту.

Реформалардың міндеттеріне мына өзекті инновацияларды енгізу кіреді: Ұлттық валютаның құбылмалы курсы, жаңа инвестициялық саясат, активтерді жария ету, бюджет саясатын оңтайландыру, жеке бастамашылықты, еркін және дұрыс бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау, еңбек өнімділігін екі есе арттыру.

Ел экономикасының 5 пайыз деңгейінде өсуін қамтамасыз ету, экономикаға салынатын инвестицияның жыл сайынғы көлемін 10 млрд. доллардан артық, жалпы 10 жыл ішінде 100 млрд. доллардан кем емес көлемге арттыру міндеті қойылды. Мұның арқасында 660 мыңнан аса жұмыс орындары ашылып, тегін кәсіби техникалық білім қамтамасыз етіледі.

Б.АКРЕМЖАНОВА,
Қостанай гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры, әділет майоры.

● ТҮЙТКІЛ

Жол ақысы өсе ме?..

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Рудныйда қоғамдық көлікте жүру ақысы 4-шілдеден бастап 45 теңгеден 60 теңгеге қымбаттайды.

Қала әкімдігінің тарифтерді бекіту туралы қаулысы 22 маусымда Қостанай облысының әділет басқармасында заңды тіркеуден өтті. Айта кетейік, жолаушылардың тасымалдаумен айналысатын "Рудный автотранс" ЖШС өткен жылы да тарифтерді өсірмек болған. Бірақ ол кезде прокуратура органдары серіктестіктің өтінішін негізсіз деп таныды. Міне, арадан бір жыл өткен соң, жолақы құны бірден 15 теңгеге қымбаттап отыр.

– Біз соңғы рет 2011 жылы тарифті 10 теңгеге өсірген болатынбыз. Қазір барлық нәрсе қымбаттап кеткенін білесіздер. Оның ішінде жанар-жағармайдың, автошиналардың, аккумуляторлар мен қосалқы бөлшектердің бағасы да бір орнында тұрған жоқ. Жұмыс орындарын сақтап қалып, техниканы жаңарту үшін жолақыны қымбаттауға мәжбүрміз, – дейді автопарк өкілдері.

Дегенмен, бұл жерде қарапайым тұрғындардың мүддесін қорғап, олардың жанайқайына құлақ асып жатқан жанды кезіктірмедік. Халықтың басым бөлігі автобустар өте лас және жүру интервалын сақтамайтындығын айтады.

– Қаладағы №4, 13 маршрутты көй кездері 10-15 минуттың орнына сағаттап күтеміз. Әсіресе, қыс мезгілінде аялдамада тұрып үсіп қаламыз. Қостанайдағыдай жайлы да таза автобустар, ақ көйлек пен жеңіе киген жүргізушілер болса бір бөлек. Аядай ғана қала. Ана шетінен мына шетіне еш кептеліссіз 15-20 минутта жетуге болады. Облыс орталығындағыдай 1 сағаттап жүру жоқ. Нәліктен 60 теңге төлеуіміз керек сонда, – дейді ашынған қала тұрғыны Бауыржан Ержанов.

Бұл бұл ма? Автобустардың көбі тариф заңды күшіне еңбесе де 20 маусымнан бастап жолақыны 60 теңгеден алып келген. Тұрғындардың талап-арызынан кейін қалалық прокуратура өкілдері "Рудный автотранс" ЖШС басшылығына мәселені тез арада шешу туралы жазбаша өкім жіберді. Қазір жолаушылар жолақыны 45 теңгеден беріп келеді. Бірақ жолақы өскенімен қала автобустарындағы тазалық пен тәртіп мәселесі шешілетіндігіне күмәнмен қараймыз.

ЕЛ және ЕЛБАСЫ

Сарбас ДОСЖАНҰЛЫ

Бұл көлемді туындыны ауылшаруашылық маманы Сарбас Досжанов Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевқа және Астана күніне арнап, сонау 1999 жылы жазған. Автордың өзі өмірден озса да, бұл деректі шығармасынан оқырманға керекті көп дүние табылады деп ойлаймыз.

Дем алып Алатаудың саясында,
Қамшы ізі қалмай аттың жаясында,
Семірткен алдындағы баққан малын,
Алатау — Алматының аясында.

Осылай жүргенінде сайран қылып,
Білмейсің түсетінін қайдан құрық,
Сапарға оралмайтын жүріп кетті..
Есігін дүниенің қайран да ұрып.

Осылай жігіт болып жүргенінде,
Көрмеген бұған дейін мүлде өмірде,
Кездесіп қапылыста Әлжан қызға,
Оранды махаббаттан үлде-бүлде.

Сезімін ол ұзаққа жасырмады,
Жөнсіз-ді жүрегінен қашырғаны,
Өмірде айрымасқа ант етісіп,
Той болды екі жастың қосылғаны.

Қос ғашық қидырғалы бұл некені,
Арада алуан-алуан күн өтеді.
Жылында мың тоғыз жүз қырықыншы
Жүрегі Әбекеңнің дір етеді:

Іңгалап дүниеге бала келді,
Уыстап елге байлық ала келді.
Иығынан Алатаудың күн дауыстап,
Деді ол: "Бала емес, дана келді!"

Кемдік жоқ қарап тұрсаң туысында,
Қалмады өмір-өткел қуысында,
Кім білген сәбиінде жас баланың
Жатқанын "Егемендік" уысында.

Ананың ақ сүтіне тойып алып,
Маңдайын кеудесіне қойып алып,
Тек қана таң алдында оянушы еді,
Ұйқыны алыптардай "сойып" алып.

Жаралған секілденіп күн көзінен,
Таралып құт шуағы тұрды өзінен.
Ат қойған Сұлтаным деп қайран әке,
Нұрсұлтан болып өскен сол кезінен.

Жоқшылық құшағында өсті бала,
Соқпағын кедейліктің кешті бала.
Көргенін жасындағы қиындығын,
Өскенде ұмытар ма есті бала.

Таңменен оянатын ерте бала,
Әдет бұл тән етерлік серке ғана.
Арбасын есегіне жегіп алып,
Кететін нан кезекке жеке дара.

Кезекке түзілетін адам көп-тін,
Үлгерсе, сол алады талан боп кім.
Бір күтіп алған наны жетімсіз боп,
Тұратын екі-үш рет, амал жоқ-тын.

Осылай өткен ол да дәуір еді,
Қазақы тұрмыс ол тұс ауыр еді.
"Байлықтың құшағында өскен ол" деп,
Бүгінде бос бөседі қауым елі.

Иә, қош. Қайта айталық жас баланы.
Он бітті. Өмір енді басталады.
Түсуге "Химия" ілім бөліміне,
Бетке алып тартты жігіт астананы.

Бір-ақ "төрт" аттестатта белгісі бар,
Әр адам риза боп көргісі бар.
Шықса да қарабайыр отбасынан,
Білімде бейне биік болды шынар.

Жатақта алты бала жатты бірге,
Күн батып, таңдары да атты бірге..
Үшеуі бастықтардың баласы еді,
Сайрандар би кешінде, нақ дүбірде.

Қолына кітап алып ұстамайтын,
"Оқы" — деп, жөне ешкім қыстамайтын.
Сол үшеу — әкесінің еркелері
Құдды бір әрбір іске ұстадай-тын.

Ақыры олар түсті білмесе де,
Қолына кітап ұстап жүрмесе де.
Қалтада ақша толық әке күшті,
Нақ солар қиналыспен күн кеше ме?!

Ал, Сұлтан химиядан сүрінбеді,
Алайда сүйремеді бұл ілгері:
Бір балы жетпей қалып сол сыныпта,
Қабылдау тізбесіне ілінбеді.

Талпынды, жете алмады тілегіне,
Бір түйін шоқ боп түсті жүрегіне.
Қашанда туралық жоқ заманым-ай!
Айттың не, айтпадың не, керегі не?!

Оралып ауылына қайта келді,
Көргенін ата-анаға айта келді.
Үйінің жұмысына араласып,
Әкемен қол ұстасып тарта берді.

(Жалғасы бар).

НҰРСҰЛТАН - Абылайы қазағымның!

(Деректі поэма)

**Егеменді Қазақ елінің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнаймын
АВТОР.**

Сөз басы

Жыр жазсаң ай мүйізді асылдарға,
Найзағай көкті тескен жасындарға,
Әр ісі әр дәуірге үлгі болып,
Кетпей ме аңыз болып ғасырларға!

Ондайда жыр бұлағы ағылмай ма?!
Алдыңнан бақыт шамы жағылмай ма?
Арманың алты қырдың астындағы,
Кеудеңе қызыл гүл боп тағылмай ма?!

Сұлу сөз дариядай төгілмей ме?!
Өлмес жыр дән боп жерге егілмей ме?!
Аспаннан аррахман нұры жауып,
Денеңе шипа болып себілмей ме?!

Жырлайтын жырың сенің анық болса,
Әр ісі, бұрылысы, қанық болса,
Межеге бір-ақ ұрып жетпейсің бе,
Барар жол қараңғы емес, жарық болса.

Бір ғасыр бір-ақ берер бір дананы,
Кайтесің сараң туған бұл даланы,
Мойныңа бұршақ салып сұрасаң да,
Бермейді, бұртияды, бұлданады.

Мінекей, сондай адам ортамызда,
Жаны бір, қанымызда, қолақымызда.
Ұлыңды тағдыр берген аяламай,
Кімнен біз тартынамыз?
Қорқамыз ба?!

Аққанда төңкеріліп жыр бұлағы,
Мың жылмен өткен дәуір бір қылады.
Еліне бәрін сарқып беріп жүрген,
Нұрсұлтан — Нұрекеңді жыр қылады.

Замана бұзылса да жыр қалады,
Жорғадай су төгілмес ырғалады.
Дәуірін, өткен күнін сипаттайтын,
Өмірден өзегі өлмес сыр қалады.

Ақынға шабыт келсе төзім бар ма?
Сілтемей сылтың басқан кезім бар ма?
Сыншының құлағына алтын сырға,
Асылық, артық кеткен сөзім бар ма?

Кең жолы жүрегімнің тарылмасын,
Шабыстан тұлпар — өлең жаңылмасын.
Өмірдің кемесімен кеттім айдап,
Арман-жыр жалындасын, дауылдасын.

Балалық шағы

Өтті ғой басымыздан нелер заман,
Не болар құрып кетсең, одан жаман?
"Мың өліп, мың тіріліп" текті қазақ
Бұл күнге жетіпті ғой есен-аман.



Қырылдық, аштан өлдік, соғыста өлдік,
Қиынын қияметтің өңде көрдік.
Бұзылып ұлтым, тілім, дінім, Алла,
Бітерде қолымызға тиді теңдік.

Келген жоқ көктен түсіп теңдік деген,
Теңдікті оңайлықтан ел күтпеген.
Алайда ақиқаттың түбі жеңіс —
Бос сөз-ді "ұлтты құрттық, жеңдік" деген.

Деп сенсең: "Серпіледі бұлтың әлі",
Оңғартса, қуаңың да құлпырады.
Жүз жылда елін бастар, жеріне ие,
Деген бар алтын айдар ұл туады.

Жүгініп әңгіменің төресіне,
Түсіріп ілкі күнді ел есіне,
Назарбай ақсақалдан сөз қозғайын,
Мінгізіп өткен өмір кемесіне.

Қазақтың бір кәсібі мал емес пе?
Мал болса, барлық байлық бар емес пе?
Мал кетсе, бәрі кеткен тәрізденер,
Дүние құшағы да тар емес пе?

Назекең малын бағып, тау жайлаған,
Ай емес, жерге түспей, жыл жайлаған.
Басына Алатаудан қазық қағып,
Кептіріп ер-тоқымын, ат байлаған.

Үй салып Алатаудың қиясына,
Сән берген қара лашық ұясына.
Маңдай тер еңбегімен күнін көріп,
Құйыпты отбасына сый асыра.

Ақыры ажал сұмды құшты асыл да,
Отбасын еңді қайғы қыспасын ба...
Көзінің ағы мен қарасы еді —
Әбіші қала берді үш жасында.

Өмір-ай, күдік күндес үмітпенен,
Жан бар ма құрығыңа ілікпеген?
Ұяны жау бұза алмас, адам бұзбас,
Бар ме екен көзің сенің ірітпеген?!

Артыңда ақ ботасы — бала қалды,
Аһ ұрып ақ маралдай ана қалды.
Ержетіп балапаны өсе берді,
Бойыңда әке құйған сана бар-ды.

Он бірге келді бала бел қатпаған,
Емес қой бай баласы шер батпаған.
Орысқа Никифордай жалшы болды,
Орнықты еді, жас болса да, ел мақтаған.

Ер жігіт ерінбесе мал табады:
Оның он саусағынан бал тамады,
Жер жырту, етік тігу, сауда қылу —
Осылай еңбегінен нәр табады.

Уақыт қыла берді бекем ерді,
Өмірдің өз жолымен кете берді,
Кедергі иірімі көп босағадан,
Бұлқынып, бұғау үзіп, өте берді.

Қарайтын көзін алмай анасына,
Риза еді асыл ана баласына,
Үйіне үйіп-төгіп әкелетін,
Барып кеп Алматының қаласына.

Жастар
KZМұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Жастық шақта жасындай жарқылдап, елге қызмет етіп жүрген жастарымыз аз емес. Солардың бірі – Арқалық қалалық мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі Мейіргүл Мұсабекова.



Мерейлі Мейіргүл

Талапты жас Н.Құлжанава атындағы Торғай гуманитарлық колледжін «Ағылшын тілінің мұғалімі және тәрбие жұмысының әдіскері» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген соң, еңбек жолын қалалық Мәдениет сарайында әдістемеші болып бастады. Содан бері құтты орыннан қадамын ажыратпай, мәдени ұйымдастырушы, көркемдік жетекші болып қызмет сатысымен өрлеп келеді. Еңбектен қол үзбей жүріп, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын да тәмамдады.

Мейіргүл ұлағатты ұстаздар отбасынан шыққан. Мектеп жасынан бастап мәдени шараларға қатысып, түрлі кеңістерді жүргізе бастады. Әкесі Бектепберген Жазықұлы мен анасы Майра Райымжанқызы ұзақ жылдар бойы жұп жазбай ұстаздық қызмет атқарды. Мейіргүл қаладағы жастар көшбасшыларының бірі. «Лидер» жастар қоғамдық қозғалысын ашып, бірнеше жыл

қатарынан президенті болды. Қалалық іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі.

Қала, облыс көлемінде өткізіліп жүрген мерекелік іс-шараларда конференция жағынан, қала, облыс, республика көлемінде келешек ақындар мен көркем-сөз шеберлерін дайындауда озық шығармашыл жас маман ретінде танылды. Шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағарту жұмыстарының жылдық және ағымдық жоспарларын, тақырыптық ережелер дайындауда, жастарға эстетикалық тәрбие беру, сценарийлер, конкурстар, диспуттар өткізуде кәсіби жетекші. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша сценарийлер әзірлеп, танымдық қызығушылықты дамыту және қалыптастыруда жан-жақты, жетік маман ретінде көрініп жүр.

Жұбайы Төлеубек Ғазезұлы ҚІІБ кезекші бөлім қызметкері, полиция майоры. Отасқандарына он жыл толмақ. Ұлтаралық татулықты ту етеді. Енесі Ари-

на Мұсабекова кәріс ұлтының өкілі. Екі баласы да аналары сияқты өнерлі. Жайнары қалалық «Бүлдіршін ару – 2013» байқауында бас жүлдегері болса, Темірланы биыл мектеп табалдырығын аттайды.

Мейіргүлдің үлгілі еңбегі үшін алған мақтау, мадақтамалары жетерлік.

– Арманым артымда бір өзіндік із қалдыру. Сол үшін еңбек етіп, жаңа жобаларды игеруге күш салып келемін, – дейді жас маман.

Мейіргүлдің мерейі үстем. Жақында ғана ол облыстық «Қанатты әйел – 2016» дәстүрлі байқауына қатысып, жүлделі екінші орынды иеленіп келді. Қала тарихында тұңғыш қатысушы. Жерлестері ақжарқын, дарынды жастың жетер жетістіктері әлі алда деп таниды.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Мейіргүл Мұсабекова, «Қанатты әйел» маарапатын алуда.

Көшбасшылар
мектебі

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев үнемі жастарға сенім артады. Бұл тектен-тек емес. Өйткені қазіргі жастар ертеңгі болашақтың іргетасы, кемел келешектің иелері. Сондықтан жастар жан-жақты, сауатты, ерік-жігері мол азамат болып өсуге тиіс.

Қостанай педагогикалық колледжінде өткен «Көшбасшылар мектебі» осы мақсатты жүзеге асыруға арналды. Облыстық білім басқармасы қолға алған жобаға аймақ колледждерінің белсенді студент жастары, әлеуметтік педагогтары мен психологтары, сондай-ақ директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары қатысты. Бес күнге созылған шара барысында белсенді өмірлік ұстаным мен жеке тұлғаны қалыптастыруға арналған түрлі тренингтер мен ойындар ұйымдастырылды. Жастар еріктілер мектебі мен көңілді тапқырлар клубының жұмысына араласып, теориялық және практикалық дағдыларын, ұйымдастырушылық қабілеттерін шыңдады. «Көшбасшылар мектебін» сәтті аяқтаған қатысушылардың барлығына сертификаттар табысталды.

Айтайын дегенім, «Көшбасшылар мектебі» барлық қатысушылардың көңілінен шықты. Өсіресе, біздің колледждің студенттері керемет әсер алып, мектепте көрген-түйгенімен замандастарымен бөлісуде. Осы орайда, жоба жетекшісі, «Социум және Мен» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Жұрқабаевқа, жобаның үйлестірушісі Айгүл Нұркина, тренерлер Динара Өтебаева мен Айнұр Ахменоваға айтар алғысымыз зор. Олар өзіне қойылған міндеттерін абыроймен атқарып, жастардың жан-жақты дамуына, қажетті білімдерді игеруіне зор үлестерін қосты. «Көшбасшылар мектебі» Қостанай облысындағы ең табысты, пайдалы, әрі өміршең жобалардың бірі деп ойлаймын. Сондықтан ол алдағы уақыттарда да өз жалғасын тауып, ел болашағын қалыптастырушы жастарды тәрбиелеп шығара берсін деген тілектемін.

Мұрат ЫСҚЫҚОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Рудный
әлеуметтік-гуманитарлық колледжі директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Молжарғандар
салтанаты

Әулиеқол ауданында бірінші рет «Триумф – 2016» жеңімпаздарды құттықтау салтанаты өтті. Аталмыш шараға дарынды, талапты деген оқушылар арнайы шақырту алды. Бұл кез келген бала үшін зор қуаныш екені белгілі. Біздің мектептен аталмыш салтанатқа аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде топ жарған оқушыларымыз қатысты. Олардың арасында түрлі саланы бағындырған жастар жеткілікті. «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасынан облыстан І орын алып, республикалық турда Астана қаласына барып, жүлделі ІІІ орын алып келген Бекболат

Жазықпаев (жетекшісі Байғабулова Р.С.). Аудандық, облыстық, республикалық пікір-талас сайыстарының жүлдегерлері болып табылатын клубымыздың мүшелері: спикері Қарсақов Рустам, Асанова Гүлназ, Салмағамбетова Сымбат, Қапсұлтан Гүлдана, Қуанышбаева Айман (жетекшісі Әлімбаев Қ.С.); Грек-рим күресінен спорт шеберіне кандидат Шағаев Ерқанат (жаттықтырушысы Дикуха Ю.Я. БЖСМ); Ақжол Қияқ – грек-рим күресі бойынша аудандық, облыстық, республикалық жүлдегер, сонымен бірге Ресей Федерациясының Қорған қаласына барып, жарыстан жүлделі І орынды қан-



жығасына байлады (жаттықтырушысы Дикуха Ю.Я. БЖСМ).

Осындай жетістікке жету үшін қаншама шыдамдылық, күш-жігер, ұстамдылық керек екенін айтпаса да болар. Жастарды ын-

таландыруда мұндай шаралардың берері мол.

Әсемгүл ӘБУТАЛІПОВА,
Құсмұрын орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЭКСКУРСИЯЛЫҚ САЯХАТ

Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің оқушылары жазғы демалыс күндерінде «Жігер» әскери патриоттық клубының мүшелерімен бірге «Рахмет» елді мекеніндегі Аманкелді, Кейкі батырларымыз және ауған соғысында болған жерлесіміз Елебек Ағатановтың өмірбаянымен танысу мақсатында экскурсиялық саяхат жасап қайтты.

Экскурсияның басты мақсаты – оқушыларға патриоттық тәрбие бере отырып, жерлес батырларымыздың өмір-деректерін зерттеу. «Рахмет» елді мекеніне баруға «Алтын дала» табиғатты қорғау резерваты (директоры – Б.Садуақасов), «Аман су» мемлекеттік кәсіпорны (басшысы – Қ.Таубаев) және Аманкелді «Мал дәрігері» мемлекеттік кәсіпорнын (басшысы – Е.Дәулетов) мекемелері өздерінің көмектерін көрсетті. Оқушылармен бірге еңбек ар-



сы – Е.Дәулетов) мекемелері өздерінің көмектерін көрсетті. Оқушылармен бірге еңбек ар-

дагері Сайлау Сейділдин ағамыз барып, батырларымыздың өмірбаянын таныстыра отырып,

қос батырымыздың жерленген жерлерін оқушыларға көрсетіп, олар туралы деректермен та-

ныстырды. Сонымен қатар ауған соғысында ерлік көрсеткен жерлесіміз Елебек Ағатановтың жерленген жеріне барып, оның жасаған ерліктерін оқушылардың жүректеріне ұялату мақсатында С.Сейділдин және мектеп мұғалімдері К.Мақатов пен Ж.Смағұлов өздерінің білетін батырларымыздың өмірдеректерін оқушыларға таныстырып өтті. «Алтын дала» табиғатты қорғау резерватының ғылыми бөлімінің басшысы Ж.Сыздықов оқушыларды «Рахмет» елді мекеніндегі аңдармен құстарды қорғау жөнінде және олардың шекараларын карта арқылы көрсетіп, баяндап берді. Оқушылар алғашқы шыққан бұл экскурсиялық саяхаттан мол әсер алып қайтты.

К.МАХАТОВ.

Жол мұраты жету деп көп айтамыз. Осы сіздер межеленген жерге қалай жетіп жүрсіздер?! Тақтайдай тас жолмен жүріп жүрген болсаңыз бақыттылардың бірі болғаныңыз. Ал, жаңбыр жауса мидай езіліп, төрт тағандап батпаққа малынып жүрсеңіз... Әйтеуір, жақсы емес. Қиын! Мен мұндай күйге бірнеше рет душар болғанмын. Бұл жалғыз менің ғана емес, бүкіл қызбелдіктердің мәселесі. Жанайқайы! Әлгі, кейбіреулер айтатын «көнбіс қазақ», «момын қазақ» деген сөздің қолданылатын тұсы да осы жерде тәрізді. Өздері бас болып ұйымдасуы қиындау, қолынан келмесе жауапты орындарға өтініш айтып, талап қоя білмейтіні тағы бар. «Жанайқай» деп баттитып жазғаным болмаса, ауылдастарымның көп мәселеде іштей ғана тынатынын, өнбейтін бірсарынды тіршілікке мойынсұнып, бір-біріне ғана әлін танытып жүргеннен өзгеде шаруасы бола қоймайды. Сірә, үйренісіп кеткенімізден шығар.

Бірақ, соңғы кезде темірдей төзімнің де тозатыны секілді жол жағдайының нашарлай түсуі жұрттың жүйкесіне тие бастаған. Шетелдік небір экстремалды телешоуларды көруші ме едіңіз?! Онда: мотоцикл немесе жол талғамайтын көліктерді тізгіндеген спортшылар тәуекелге бел буып ойлы-қырлы жолдардан үлкен жылдамдықта аударылмай және басқа да бір жағдайға ұрынбастан межеге бірінші жетуі керек. Торғайлықтар үшін де көп ұзамай мұндай спорт түрлері қолжетімді болатын түрі бар. «Бұл не қылған өтірік?», «Ол қай жерде?» деген сынды сұрақтар туындамас бұрын нақты түсіндіре кетейін.

Мен сөз етіп отырған сұрықсыз жол Жанкелдин ауданы Қызбел ауылына апаратын бағытта. Біздің ауыл Арқалық-Торғай тас жолы бойындағы Тоқанай аталатын ауылдан 50 шақырым алшақ орналасқан. Қызбелден әрі қарай Бидайық ауылы орын тепкен. Дәл осы жерден бастап Бидайыққа дейін гридер жол көсіліп жатыр. Бір ерекшелігі қатынас Бастапқыда көлігіңіз біраз діріл

• МӘСЕЛЕ

Қызбелге жету

БІР ҚАЙЫТЫ



қағады демесеңіз жол жүруге жарап-ақ тұр. Бірақ бұл қуанышыңыз көпке ұзай қоймайды. Ауылға 10-15 шақырым жақын қалғанда жолдың сиқы жоғарыда айтқандай сұрықсыз кейіпке енеді. Жүргізуші түгілі солқ-солқ еткізіп жолаушының да діңкесін құрттып болады. Тіпті қызбелдіктер көлік алғанда да жол назарын басты назарда ұстайды. Ал, мұны ескере бермейтін көпшілік айналдырған Тоқанай мен Қызбелдің ортасына барып келгеннің өзінде көлігінен әйтеуір бір ақау тауып жататыны жасырын емес. Бұл жолға жаздың жалпағында да ауа-райын бағамдап барып шықпасаңыз оңбай опық жеп қалуыңыз бек мүмкін. Жаздағы жайы осындай болса қысты айтпай-ақ та қояйын деп шештім. Мәселен жаңбыр жауып кетті делік. Ойлы-қырлы жайсыздығының үсті-

не жауынға малынған жердің ми батпағы шығып көлік түгілі адамды да оңайлықпен жүргізе қоймайды. «Қызбелдің батпағы бауырмал» деп жұрттың қалжыңдайтыны да осы. Мұндай да сізді тек көлігіңіздің мүмкіндігі ғана тығырықтан шығаруы мүмкін. Гридер бойында оңға бір, солға бір тайғанаған күйі абайсызда жол бағаналарын майыстырып немесе жолдан шығып кетуі де мүмкін. «Мүмкін» деп болжам жасаған екен деменіз. Солай болған да. Мәселен соңғы жауын Қызбелде маусымның он бірі күні жауған болатын. Сол күннің өзінде аталған жол бойында бір емес, қатарынан немістің де, отандық көліктердің де үшеуі жолда қалған болатын. Жол жиегіне түсіп кеткендері бар.

Әсіресе ауыртпалығы көп жол иірімдеріне «Дайра» аталатын аумақ пен «Тәукебай тамы» тұсына дейінгі және кейінгі шақырымдар жатады. Бұл жерлерге қажетті қиыршық тас төселмеген. Төселген күннің өзінде су шайып немесе бұрынғы бұзылған жолды қалпына келтіру жұмыстары кезінде батпақ астында қалып кеткен. Ал одан кейін төселмеген... Өкпесін қапқан көліктің болдырған аттай жер бауырлап қалатыны да осыдан болар. Аудан әкімдігіне тас жол салып беруін сұрай алмасақ та, мердігер техника күшімен жолды тегістеп беруін және жүруге қолайлы болуы үшін міндетті түрде тас қиыршығын төсеп беруін сұраймыз. Біздікі жолды жөнге келтіріп берсе деген өтініш.

Ауылды дамытамыз деген ұранға салып тамақты ауыртқаннан нәтиже қайдан шықсын, жетудің өзі мұң, өзге ауылдардай емес ғаламтордан бұрын ұялы байланыс қызметі де жоқ. Кеңестік дәуірдегі жағдайды қалпына келтірумен (үй телефоны, ауыз су) іс бітсе қанекей. Ауыл тұрғындарының ахуалы мен жастар әлеуетінің артуына тәуелсіз елдегі жаңашыл қолдаулар да өте қажет екені айтпаса да түсінікті емес пе?!

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ҚМУ-дың
журналистика
мамандығының
студенті.



Жастар қосымшасының редакторы
Айтолқын АЙҚАДАМОВА.



Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Қазақ халқының «білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген қанатты сөзін өмірлік қағидасына айналдырып, күнделікті қызметінде пайдалана отырып, өзінің алған білімін шәкірттеріне бар ынтасымен жеткізіп жүрген ұстаздардың аз екендігі рас. Торғай төсіндегі қазақ мектебінен сусындап, оны университеттік біліммен жалғастыра отырып, ғылыммен ұштастыра білген сондай жандардың бірі – Конкина Гүлбаршын Спанқызы. Оның 1996 жылы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Тарих» мамандығын «қызыл дипломмен» бітіріп, мемлекеттік жолдамамен Торғай төсіндегі қара шаңырақ Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында табысты еңбек етіп жатқанына, міне, 20 жыл.

Студенттік өмірмен қимай қоштасатын сәттерден барлығымыздың өткеніміз жасырын емес. Жас маманның ойында болашақ еңбек ортасының қандай болатыны, қалай қарсы алатыны, жұмыстың қалай жүретіні сияқты сұрақтардың мазалайтын шыңдық. Мінезі үйлесім таппай, ұжымдық қатынасқа бірден үйренісе алмай, ортаға сыйысуы қиындық туғызатын жандар да бар. Алайда мұндай қасиет Гүлбаршын Спанқызына жат болатын. Ол туа біткен ашық та жарқын мінезімен ұжымға тез сіңісіп кетті. Оқытушылық қызметінің алғашқы күндерінде үлкен

● КЕЛБЕТ

топтарға сабақ беру барысында берілген пәндердің көптігіне қарамастан, сабырлық таныта алған ол білімін өнермен де ұштастыра білді. Сонау 2000 жылдардағы қалада орын алған қиыншылықтардың әсерінен ұнжырғасы түскен институт ұжымы мен қала халқының көңілін көтеру мақсатында ұйымдастырылған концерттік шараның бел ортасында жүріп, өзінің өнерден құралақан еместігін көрсете алды.

Білім мен ғылымның өзара тығыз байланыста екендігін түсіне білген Гүлбаршын Спанқызы ғылым жолының ауыр екендігін, оның өзіне тән

дәрежеге қол жету жолындағы табысты қадамында кафедра оқытушыларымен қатар Гүлбаршын Спанқызының да ерекше орны бар екендігін баса айтуымыз керек.

Осындай табыстарымен қатар өзіндік пікірі мен көзқарастарын жинақтап, тайсалмай айта алатын мінезді Гүлбаршын Спанқызының адамгершілік қасиетінің мол екендігі оның факультет деканы қызметіне тағайындалған сәттен бастап анық көріне бастады. «Өзгенің баласын аялап, өзінің баласын аямайтын» ұстаздық мамандықтың өте ауыр және жауапкершілігі мол екендігін қазір-

мы жақсы біледі. Ректорат тарапынан ғана емес, министрліктен де марапаттау алған Гүлбаршын Спанқызы бастаған студенттер командасы 2014 жылы Қызылорда қаласында болған кезекті пәндік олимпиадада жүлделі ІІІ орынға ие болып, мерейімізді үстем етті.

Ғылым саласында да табысты еңбек еткен ол республикалық ғана емес, халықаралық көлемдегі ғылыми-практикалық конференцияларға белсене қатыса отырып, беделді ірі шетелдік басылымдарға мақала жіберу арқылы өзінің ғылым жолындағы шығармашылық жұмысын жалғастырып

«Қызы ғой ол қа ПРОФАЙДЫҢ...»

қиыншылықтарының болатынын білетұра ғылыми мақалаларды жаза отырып, талай жылғы еңбегінің арқасында 2010 жылы философиядан кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Осы уақыттан бастап оның ғылым жолындағы ғана емес, сонымен қатар қызмет бабындағы өсу, көтерілу кезеңі басталды десе болады. 2011 жылы кафедра меңгерушісі болып тағайындалған Гүлбаршын Спанқызы меңгерушілік қызметтің ауырлығына бой ұсына отырып, үлкен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ұжымды тез арада ынтымағы мен бірлігі ғана емес, ғылымы мен білімі де жарасқан институт кафедраларының озық қатарына қоса білді. Оның жарқын айғағы ретінде 2013 жылы Көкшетау қаласында «Тарих» мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы өткен пәндік олимпиадада еліміздің түкпірінен келген 14 команданың ішінде жүлделі ІІІ орынға ие болғанымызды айтса жеткілікті деп ойлаймын. Әрине, кафедра студенттерінің мұндай

гі таңда көпшілік түсіне бермейді. Республиканың алыс аймақтарынан кеше ғана мектеп қабырғасын бітіріп, жаңа өмір жолына түскен жас балаға жаңа ортада ананың аялы алақаны мен әкенің ақылы керек-ақ. Біреу қолдаса, екінші біреулер күмәнмен қарайтын «факультет деканы – студенттердің әкесі» ұғымын өмірде іске асырып жүрген жандардың бірі – Гүлбаршын Спанқызы екендігін басқа да факультет студенттерінің көпшілігі біледі. Ол қазіргі қымбатшылық уақытта азғантай ғана шәкіртақы ары тартуға да, бері тартуға да жетпей қалған кезде студенттерге талай рет көмек қолын созып, аналық мейірімін білдіре алды.

Өзінің жоғары ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында факультет басшылығы ретінде институт көлемінде ғана емес, қала және республика көлеміндегі ғылыми жарыстар мен мәдени шаралардың басы-қасында болып, факультет студенттерінің зор табыспен оралуында да еңбегі бар екендігін институт ұжы-

келеді. Соның нәтижесінде 2015 жылы болған республика жоғары оқу орындары арасындағы конкурста «Үздік оқытушы» атағын жеңіп алды. Бұл – Гүлбаршын Спанқызының 20 жылдық еңбегінің жарқын көрінісі, талмай еңбектенуінің жемісі екендігі даусыз.

Екі баланың анасы, әрі отбасында кіндік қаны жезқазғандық болса да асабалық қызметімен қоса қазақтың дәстүрлі өнімен Торғай жұртшылығына танымал Төлегеннің сүйікті жары бола білген Гүлбаршын Спанқызына болашақта толағай табыс тілеп, бұдан да биік шыңдарды бағындыруына тілектестік білдіреміз.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы ұжымы атынан Роман Аймағамбетұлы, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Гүлбаршын КОНКИНА.

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Ауылдарды қалпына келтіруіміз керек

Ауыл тақырыбына мақала жазуыма «Қостанай таңы» газетінің 20-шы мамыр, № 53 санындағы Сұлтанғали Оспановтың «Ауыл азбасын десек...» деген тақырыпта шыққан мақаласы себеп болды. Соған орай, ауыл туралы жанайқайды Сұлтанғали сияқты сауатты, оқығаны мен тоқығаны бірдей азаматтар ерте қозғауы керек еді. «Ештен кеш жақсы» деген. Мүмкін Сұлтанғалидың жанайқайына аяныш білдіріп, жаны ашитын басшылар табылар деген дәме ғой. Әй қайдам, біз кешігіп қалдық, ауылдарды аздырып алдық, кешіктік Сұлтанғали. Олай дейтінім, осы мамыр айында туған жерім, өскен елім Бестауға екі рет баруға жол түсті. Екеуінде де ауыл көркін көріп қуанудың орнына, жабырқап қайттым.

Біріншісі, Бестауда тұратын 95 жастағы құдағиым Жамал қайтқанда, кейуананы ақтық сапарға шығарып салуға барған едім. Жиылған көпшіліктің әңгімесі кеше кешкісін жантәсілім еткен құдағиымды оң жаққа орналастыратын кісі болмай, балалары ауылда құран оқи алатын Қойшан Мырзахметов деген кісіге мән-жайды түсіндіріп, не істерін білмей өзіне жүгіне келгенін айтады. Сонымен, Қойшан келіп үш-төрт егде әйелдерді шақырып алып, кейуананы қалай дәреттендіріп, қалай оң жаққа қою керектігін түсіндіреді. Ал, бұл жерде «Қойшан молда ма еді?» деген сұрау да болар. Жоқ, ол молда да, имам да емес, тек кешегі күндері Бестауда 5-6 жыл Марал ишан атындағы мешітте қызмет жасаған. Ертай қажы

Балахметтен аздай сауат ашқан, қазіргі сол Марал ишан атындағы мешітке иелік жасап отырған ғана кісі еді. Бірақ, бұл жолы өлім жөнелтудің барлық кәдесін жасап, ақ жуып арулап, мәңгілік мекеніне орналастырды.

Рахмет Қойшан інім, сен болмасаң бестаулықтар өлігін де жөнелте алмай, кешегі 30-32 жылдардағы аштық кезіндегідей, көмусіз қалған ата-әжелеріміздің кебін киетін түрлері бар екен. Осы бетіңнен тайма, молда бол, мешітке де ие болатыныңа сенеміз.

Ауылға екінші рет атбасын бұруым – менің үлкен күйеу балам Нағашыбай Қуанышбекұлының о дүниелік болғанына 20 жыл болған екен, содан артында қалған екі баласы мен жары Дудаткүл Жолдыбайқызы (менің

қызым) құран бағыштауға барған едік. Мұнда да көргенім, өткенде келіп-көріп кеткен ауылым, сол өзгермеген қалпы. Бұрын 450-500 жанұясы болған, соның ішінде әр отбасында он-он бір баладан өскен еді. Бұрынғыдай аралас жоқ, шақырмаса бір-біріне бас сұқпайды. Ауылда барлығы 5-6 табақтық 35-40 кісі ғана, ал бұрын Бестауда шақырылған кісі 40-45 табаққа сыймайтын еді. Қайран, өтіп бара жатқан өмір десеңші.

Сондықтан, Сұлтанғалидың көтерген мәселесіне мен де қосыламын. Сұлтанғали айтқандай, шынында да дініміз бен діліміздің де, тіліміздің де бәрі ауылда. Бірақ сол мәзірлерді ұстайтын адам да қалмаған сияқты. Қайда барсаң да шүлдірлеген шала қазақтарға кезігесің.

Ең үлкен қорқыныш, сол ауыл-

ды қайта көтере алмасақ, бәрінен айырыламыз. Енді бір 4-5 жылда ауылда ешкім қалмай, онында құр топырақ қалары анық. Кешегі Торғайдың Шилісі мен Қайыңдысынан ештеңе кездестіре алмасымыз анық. Ауылға деп, жолға деп бөлініп жатқан қаржылар қайда, кімде, оны ешкім білмейді. Сондықтан, «ел боламын десек, бесіңді түзе» дегендей, ел боламыз десек, ауылымызды қалпына келтіру керек. Ал, ауылдың болашағы жоғарыда отырғандардың құзырында.

Тек, менің биліктегілерден өтінерім, Бестаудағы аты алты алашқа белгілі Марал ишан атындағы мешітке жөндеу жүргізсе екен деймін.

Жолдыбай ШӘКІРҰЛЫ,
зейнеткер.

Қостанай қаласы.

● ТАРИХ



ниетпен осы кісі жайлы іс-қағаздарынан көрген-білгендерімді қағаз бетіне түсіріп, газетке жариялауды жөн көрдім.

Жайықбаев Гиматден (Қимаден) – 1870 жылы Қостанай облысы Әуликөл ауданының №2 ауылында дүниеге келген. 1899 жылдан 1916 жылға дейін ауыл советі хатшысы болып істеген. Ол кезде болыс деп аталған көрінеді. 1916

Қазақтың басына төнген сол бір нәубет жылдары қаншама адам жазықсыз жаланың құрбаны болды. Қаншама бала әкесінен, ағасынан, туысқанынан айырылып, жетімдіктің зардабын тартты. Сол жапа шеккендердің бірі Қимаден Жайықбаев еді. Әуликөл ауданының тумасы, сонау нәубет жылдары жазықсыз жапа шеккен оның есімін біздер бала күнімізден естуші едік. "Қимаден халық жауы болып ұсталып кетті" деген сөздің өзін жұрт сыбырласып қана айтатын.

Бұл кісі маған туысқандық жағынан нағашы болып келеді. 1998 жылы осы кісінің сотталған себептерін анықтайын деген оймен ұлттық қауіпсіздік комитетіне, облыстық прокуратураға хат жолдадым. Осылайша, ҰҚК-нен рұқсат алған соң, іс-қағаздарымен таныстым. Міне, сол қылмыстық іс қағаздарымен танысқанымның өзіне он төрт жыл өтіп кетіпті. Қазір қартайдым, жасым сексеннен асты. Дегенмен, әзірге өлім барда ел білсін, ұрпақтары ұмытпасын деген

жылғы ұлт-азаттық көтерілісте Аманкелді Имановтың сарбазы ретінде әрі "қазақ жастарын соғысқа бермейміз" деген ұранмен ақ патшаның бұйрығына қарсылық көрсеткендердің бірі болыпты. Ахмет Байтұрсыновтың құрдасы. Ақаң Әуликөл арқылы жүргенде, құрдасы Қыиекеңе соқпай кетпейтін көрінеді.

Қимаден ол кезде, яғни 1921 жылдан 1929 жылға дейін Аманқарағай болысында (Семіозер ауданы) болыс болған. Елге, халыққа көп жақсылық жасап, еңбек сіңіргенін жұрттан кейін естідік қой. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін, өкімет 1929 жылы қазақтың бар малын сыпырып алып, колхоздандырмақшы болады. Соның кесірінен қаншама қазақ қырылып қалды. Совет өкіметіне қарсы Батпаққарада көтеріліс болып, соған қатысқан Қимаден ОГПУ-дың қолына түсіп, абақтыға жабылып 1930 жылы босап шығады. Сол жылдан бастап оның өмірі "Ақбас" колхозында жұмысшы болудан жалғасты, бірақ басынан өте қиын кезең-

дерді өткеріпті. Бұл колхоз жаңадан құрылып жатқан кез. Орыстар тұрған, құрған поселок еді. Күллі орыстар жан-жаққа көшіп жатты. Сұлукөл, Москва-левка деген жаңадан совхоздар ашылып, көбі үйлерін тастап, соған көшті...

Ащы өзенінің оң жақ жағасында (Қырқуыс ауылына жақын жерде) қалың ел болған. Онда

нәубет, 41-ші жылғы соғыс, бәрі-бәрі бастан өтті" деп қариялар айтып отыратын. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, аштықтан өлгендер көп болыпты. Менің әкем Бижанов Төлебай осы Кондратьевта, Ақбас колхозында ауыл советтің хатшысы болып істепті. 1941 жылдың 11 тамызында совет өкіметіне қарсы көтеріліске қатысқан "сенімсіз"

отырған кісінің айтуынша, Жайықбаев аштықтан өлген көрінеді. Себебі, бір үзім нан мен қара суды өзі ішпей-жемей жанындағылар беріп отырған деседі. Сондықтан, ол кісі Карлапта не аштықтан, не аурудан көз жұмуы әбден мүмкін. Бұл кісінің бәйбішесінен Бибісары деген қызы болған. Торғай жағында ұзатылған көрінеді. Халықаралық. Ал, екіншісі Кәмила өте сұлу әйел болыпты. Руы Түзей. Калинин колхозынан. Мен 2001 жылдың мамыр айында кездейсоқ Әбілдің Шаймердені деген кісімен кездескенде ол "Күнтелесов Опыдың інісімін" деген еді. Сонда ол кісі Кәмиланың әкесінің қарындасы екендігін айтқан еді. "1947 жылы әкем көшіріп елге әкелді, бір өкініштісі ауырып қайтыс болды. Кәмила анамыздың артында ұрпағы қалған жоқ, бір сәби сүйе алмай өтті ғой өмірден. Ал, әкем 1949 жылы қайтты" деген болатын.

1930 жылдар шамасында Қимаден Бекіш деген інісі қайтқан соң, өмірлікпен Дәржан деген келінін алып, одан Базарбай деген ұл туады. Өкінішке қарай, Базар 9-10 жастар шамасында тай жарысында аттан құлап опат болған көрінеді. Сол жалғыз өмірге келгенде жөнө қайтыс болғанда шығарған Кіекеңнің өлеңдерін 1975 жылы Әбдірахман деген інісінен магнитофонға жазып алған едім.

Иә, сонау нәубет жылдары жалған жаланың құрбаны болған Қимаден Жайықбаев сияқты арыстарымыздың есімі ұрпақ жадында мәңгіге сақталуы тиіс!

Шәміл БИЖАН.

Қостанай қаласы.



Әлімбеттер тұрған. "Ащы" деген Серіктестік болған. Осындағы күллі Әлімбеттерді Кондратьевқа (Ақбас колхозы) күштеп көшіріпті. Өйткені, үйлер босап қалған, кілең саманнан салынған үйлер болыпты. Міне, мен 1935 жылы осы Кондратта туып, өстім. Шеті Қайранкөл, Диев совхоздары сияқты толып жатқан елдер киім мен тамақты осы Кондраттан алатын еді. Себебі, барлық сауда орталықтары мен байланыс, яғни телеграф осында болды. "1930-1932 жылдардағы аштық, 37-ші жылдардағы

адамдар ретінде бір топ жанды Қостанай облысының НКВД жендеттері ұстап әкетеді. Бұл ауылдан ағайынды Тұралы мен Бірәлі Сүгірәлиндер, Ерғали Досмағамбетов, Нұрғали Мағжанов, Қапар Көрменов, Маусымбай Тұрмағамбетов, Шайкелмелов, Сағымбай Қостанбековтер де осындай "сенімсіз" деген жаланың құрбаны болды.

Іс-қағаздарына қарап отырсам, үштіктің Үкімінде Жайықбаевтың Карлаға келіп түскені, тіркелгенін айқындайтын белгі тұр екен. Онымен түрмеде бірге

Абайла, алаяқ!

Полиция бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтарға алаяқтардан абай болу керектігін, қандай хабар алмасын оны тексеріп алу керектігін ескерткеніне қарамастан, алданғандар азаяр емес. Соңғы кезде ғаламтор желісінде де алаяқтар көбейіп кетті.

Жыл басынан бері полицейлер осындай 6 қылмысты ашты. Қазіргі уақытта тергеушілер ғаламтор арқылы тауарға ақша аударып, алданып қалғандардың арыздары бойынша тергеу жүргізіп жатыр.

Мысалы, 33 жастағы қостанайлық Интернет арқылы босалқы бөлшекке тапсырыс беріп, сатушымен хабарласып, алдын ала төлем ретінде 74 мың

теңге аударған. Алайда тауар келмеген. Тезімі біткен жәбірленуші полицияға арызданды. Қазіргі уақытта осы факті бойынша "алаяқтық" бабы бойынша тергеу жүргізілуде.

Қостанай облысы ішкі істер департаментінің криминалдық полиция басқармасы азаматтарға "интернет-сатушылардың" парақтарын мұқият тексеру қажеттігін ескертеді. Бөгде адамдарға өздеріңіз туралы мәліметтерді, паспорттарыңыз бен банктік шоттарыңыздың деректемелерін хабарламау, сақ болу керектігін ескертеді. Алаяқтар құрған торға түсіп қалмас үшін интернетте де абай болу керек.

Жаңа музей көңілден шықты

23 маусым күні тәртіп сақшыларының төл мерекесінде салтанатты түрде ашылған ОІД музейіне бірінші экскурсияға аз қамтылған отбасыларынан 30 оқушы келді.

ОІД ювеналдық полиция бөлімінің бастығы, капитан Г.Лажининаның айтуынша, жаңа музейдің ашылуы облыста өтіп жатқан "Занятость" акциясымен тұспа-тұс келді. Акцияның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу. "Бұл экскурсия жастарды патриоттық тәрбиелеуді көздейді. Бүгінгі іс-шара балалардың ой-өрісін

кеңейтіп, болашақта мамандықты дұрыс таңдауына әсер етеді", – дейді капитан.

Оқушылар музейді қызығушылықпен аралады. Музей жетекшісі Павел Щедрин балаларға музей, ондағы жәдігерлер туралы жан-жақты әңгімелеп берді. Осы күні ішкі істер департаменті қызметкерлерінің балаларына да экскурсия ұйымдастырылды.

● ДЕРЕК

"Ахаң ән арнаған Іңкәрді көрдім"

– Ахаң ән арнаған Іңкәрді көрген едім, – деді бір отырыста құдалар жағынан бір азамат. – Аға, толығырақ айтыңызшы, – дедім мен де әдептен озып, шыдамсыздана. Осы "Аққұм" әнінің авторлығы туралы да, ол әнге арқау болған Іңкәр сұлу туралы да баспасөзде пікірлер көп болғандықтан елең еттім.

– Бұл өткен ғасырдың 70-ші жылдары болған еді. Жанкелдин аудандық атқару комитетінің төрағасы Әуесхан Жүсіповтің жүргізушісі едім. Ол кезде демалыс алу, уақытпен санасу деген жоқ. Әсіресе, науқан кездерінде күні-түні шапқылас еді ғой, – дейді Алаш көсемінің көңілін аударған әдемі жанды көзімен көрген Арқалық қаласының тұрғыны Бестаубай Досов ағай.

Онысы рас. Сол кездегі дүрілдеген Торғай облысының оңтүстік жағы негізінен мал шаруашылығымен айналысты, ең далада мыңғырған мал төлдетуден соң қабаттаса келетін егін салу, шөп шабу, қырқым, ол аяқтала – егін ору, тасымалдау, қысқа дайындық... Осындай біріне-бірі жалғасып жатқан науқан. Шөп шабу қырық күн шілденің кезіне келеді, орақшылармен кездесіп, шөпшілер қосына соғып жағдаймен танысады басшылар, тізе бүгіп, шөй ішеді, ысталған күбінің қымызынан татады.

– "Қызыл әскер" кеңшарының бөлімшелерін аралап жүрдік, шөпшілер қосына со-

ғып, қымыз іштік. Қымыз құйып отырған әйелдің әдемілігін аңғарып қарай берсем керек, бұл – Ахаң ғашық болған Іңкәр, – деп сыбыр етті қасымда отырған бір кісі. Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпегендей, көркем жан екен. Жасы келсе де реңін бермеген, өсем қозғалып, қымыз ұсынып отыр. Ұрланып қарай бердім.

– Ахмет атамыз "Аққұмын" 30-шы жылдары шығарды емес пе, мына кісімен жас алшақтығы көп қой, – дедім күмәнданып, келесі ауылдың шөпшілер бригадасына бет бұрғанымызда.

– Ол кезде ерте жетілген ғой, Ахаң жігіт ағасы шағында болса, бұл кісі 13-14 шамасында болған шығар, сол кезеңде аудандық мекемелерде басшылық қызметтер атқарып жүрген Әмірғали Жәмәлиевтің үлкен апасы ғой, – деді Әуесхан.

– Күні бойы "Аққұмды" ыңылдап айтып жүрдім, – дейді Бестаубай аға.

Рәзия БИКЕНОВА.

Қостанай ауданы.

● НӨМІРДЕН – НӨМІРГЕ

● ТАНЫМ

Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН

Адамның жүз жылдық ғұмыры

Ол ана құрсағынан-ақ салт-дәстүрге толы

Адам жасы ана құрсағындағы шарананың атоғыз ай, тоғыз күнінен кейін дүниеге аман-есен келген күнінен басталады. Алайда адам өміріне байланысты салт-дәстүрлер қыздың келін болып түскенінен, бойына бала біткенінен бастап жасалады.

Сәби күтіп жүргендегі салт-дәстүр: Кез келген ата-ана баласы үйленісімен-ақ соңында шаңырағын құлатпай ұстап тұратын, атын өшірмей ұрпақ жалғастығын сақтап қалатын бала күтеді. Егер жанған оты сөніп, соңында түтінін түтететін, қол жайып, құран бағыштайтын бірде-бір тұяқ қалмайтын болса, ол – үлкен қайғы-қасірет. Сол себепті де біздің ата-бабаларымыз: «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар», – деген.

Келін түскеннен кейін қамқор, жөн жосықты білетін ене оған алғаш сойылған малдың ұлтабарын жегізеді. Бұл – ұл немерелі болу үшін жасалатын алғашқы салт-дәстүр, ырым. Егерде жаңа түскен келін біреудің үйіне өз дастарханынан бір дәм апарып беретін болса, оны үй иелері жегенімен, өзі «қыз тауып қоямын», – деп жемейді. Бұл – екінші ырым. Жас келіннің бойына бала біткенін көрші-көлемнің әйелдері сезсе, енесіне барып «келіннің құрсағы ақ айранға тойыпты, ақ алғысты болыпты», – деп қуанышты хабарды жеткізеді. Мұны естіген ене «Келінді атасының аруағы желеп-жебеп жүрсін», – деп ауылда тұрса, әулеттеріндегі үлкен үйдің керегесіне ақ орамал таңады. Ол – жас келіннің жүкті болғанын бүкіл ауыл білсін деген «керегеге ақ орамал таңу» ырымы. Мұнан кейін жас келіннің асқа тәбеті шаппай, жиі-жиі лоқсып, құса берсе, бұл – жерік болу. Ал осы кезде оның бір тамаққа ықыласы керемет күшті болып, соны қатты іздесе, ол – жерік асы. Осы кезде жүкті жас келіннің енесі көрші-көлемін шақырып, кішігірім той жасайды. Оны «құрсақ шашу» дәстүрі деп атайды. Оған тәжірибелі аналар өз үйлерінде арнайы бір дәмді пісіріп әкеледі. Мұндағы мақсат: келіннің жерік болған асын тауып беру. Жерік асын таба алмаған немесе аз ғана ауыз тиіп, жерігі қанбаған әйел лоқсып, ішкен асын құсып тастай береді. Бұл – «ит жерік» болу. Анасы итгерік болып туған сәби де ес жиғанша аузынан сілекейі аға береді. Қарт әжейлердің айтуынша, әйел іштегі баласының көзі бітерде жерік болатын көрінеді. Мұны олар қайдан біледі, ол жағы маған мәлім емес. Өйткені, әжейлер мұны өздерінің енелерінен естігендерін айтады.

Ғалымдар әйелдің құрсағына алғаш бала біткеннен бастап оның аналық сезімі (инстинкт) оянатынын айтады. Осы инстинкт әлі жарық дүниеге шықпаған баласына деген аналық махаббатына ағыл-тегіл жол ашып, сәбиі шыр етіп ғашық-ғұмыр есігін ашқанында өнбойындағы алпыс екі тамырын иітеді. Өке инстинкті де аяулы жары алғаш жүкті болғанын сезіп, күйеуіне айтқаннан-ақ оянатын көрінеді. Ол өз баласын тоғыз ай, тоғыз күн көтермесе де, сәбиінің анасынан кем жақсы көрмейді. Бұл аңның да, құстың да еркегіне тән қасиет. Тіпті, жыртқыш аң саналатын қасқырдың арланы алыстан аулап, жыққан олжасын өзі аш болса да жемей, күштілерінің алдына әкеліп тастамайды ма?

Аңыз әңгімелерге назар аударсақ, жолбарыстың, қасқырдың жүрегіне де жерік болған аналарымыз бар. Ал, ондай аналарымыздан баһадүр батырлар өмірге келген. Жас келін жерік бола бастаған кезде-ақ, оның бойындағы бала шымыр болып өссін, анасының тәбеті ашылсын деп мынандай өсімдіктерді жегізген: дала жуасы, ит жуа, тауда өсетін рауғаш, қымыздық. Және мынандай сағыздарды шайнатқызған: құм сағыз, жер сағыз, қарағай сағыз. Әйелдің жүкті

кезінде есінде сақтап, орындайтын ырымдарының тағы бір тобы: итке «кет» деп айтпау (ол толғақты ауырлатады), арқан еспеу (босағанда баланың кіндігіне оралып қалуы мүмкін), қаптың аузын буып байламау, түйе етін жемеу (олай жасаса баланы 12 ай көтеруі мүмкін).

Жас келіннің бойына бала бітісімен-ақ, енесі түсік тастамасын деп, көйлегінің етегін бүріп қояды, шошынбас үшін түнде далаға жалғыз шығармайды, жүкті әйелдің мезгілі жақындағанында жаз болса, оған жалаң аяқ жер басқызып: «Төсі түкті Жер-Ана, күш-қуат бере гөр?», – дейді. Мұның бәрі бойға бала бітер алдындағы және бойға бала біте бастағанындағы орындалатын салт-дәстүрлер мен ырымдардың бір шоғыры ғана.

Ана толғағы кезіндегі ырымдар – екіқабат аналардың толғағы бала туар алдында ғана емес, оған дейін де бірнеше рет болады. Олар: «ұзын толғақ», «орта толғақ», «ай толғақ», – деп аталады. Бұлардың бәрі де жас ананың босануына арналған дайындыққа, түрлі салт-дәстүрге, ырымдарға толы.

«Ұзын толғақ» – босануға үш ай қалғанда басталатын толғақтың бірінші түрі. Бұл кезде жас келін аман-есен босансын деп дайындық жұмыстары жүргізіледі. Босанар кезіндегі толғақ үстінде құйымшақ сүйегі ашылмай қалмасын деп күн сайын кешкілік жас келіннің құйымшағынан бастап жауырынына дейін бес саусақты батырып, қойдың құйрық майымен сылап сипаған. Мұны аққол аналар атқарған. Және олар «Бөпең айдай сұлу болсын» деп жас келінді айлы түнде суға да түсірген.

«Орта толғақ» – босануға екі ай қалғанда басталады. Аққол аналардың айтуынша, «Орта толғақта іштегі бала жарық дүниеге шығуға дайындала бастайды». Осы кезде жүкті әйелдің ішінің сыртқы пішіміне қарап, ана құрсағындағы баланың ұл, қыз екеніне болжам жасалады. Босанатын әйелдің іші: кішкене, шошақ, үшкір болып келсе – қыз; ұл босанатын әйелдің іші: домалақ, дөңес бітеді. Бұл – тәжірибелі аналардың болжамы. Орта толғақ кезінде жас келін ерте босанып қалмасын деп, оның қолына кескіш, тескіш құралдарды (пышақ, біз, ара т.б.) ұстатпайды.

«Ай толғақ» – босануға бір ай қалғанда басталатын толғақтың түрі. Осы айтолғағы кезінде енелері «іштегі баланың еті қызылданып кетеді» деп оған жас ет ұстатпайды, «кіндігіне оралып қалмасын» деп оған ине-жіппен іс тіккізбейді, «түсік тастамасын» деп жүресінен отырғызбайды. Босанар кез тақағанда әжелері жас келінді ертіп, жеті бұлақтың көзін аштырып, бұлаққа май құйып, теңге тастатып, бастаудың жанындағы әулие ағашқа шүберек те байлатқан. Сөйтіп, «сенің ата-бабаң осы жерден су ішкен, толғатқан кезінде сені демеп, жебеп жүрсін», – деп тілек те айтқан. Ондай ырымдардан жас келін қуат-күш алған.

«Тіс толғақ» – бала жарыққа шығарда анасының бір мүшесін ерекше ауыртатын болған соң және көбінесе оның тісі ауыратын болған соң соңғы толғақты осылай деп те атайды. Сол себепті қазақта «Әрбір бала анасының бір тісін алады» деген сөз бар. Ал енді босанарда анасының тізесі ауырса, оны – «тізе толғақ», желкесі ауыратын болса, оны – «желке толғақ» деп те атаған.

Бала дүниеге келерде бұрындары әр әйел босанатын үйдің босағасына қанжар, қылыш, қамшы ілініп қойылатын. Немесе, қоңыр аюдың, жолбарыстың, қасқырдың терісін тастайтын. Бұл – осы заттар әйелдің толғағына кедергі келтіретін жын-перілерді үйге кіргізбейді деген ырымнан шыққан. Әйел босанарда арша тұтатылып, оның басынан айналдырып аластайды, етек жағынан күкірт түтетеді. Бала теріс келсе, әйелдің ішін қолмен сылап, баланы ондап алады.

(Жалғасы газеттің келесі сандарында)

Ауылдық спартакиада басталды

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықта жалауын көтерген XVII-ші «Тың-2016» жазғы ауылдық спартакиадасына қалаға қарасты 16 ауылдан келген командалар ерлер және әйелдер арасында футбол, волейбол, баскетбол, кір тасын көтеру, жеңіл атлетика, дартс, тоғызқұмалақ, арқан тарту, үстел теннисі сынды спорттың 12 түрінен сайысқа түсуде.

Спартакиаданың салтанатты ашылуында еліміздің әнұраны ойнап, қала әкімінің міндетін атқарушы Қайрат Әбішев, Матросов ауылының әкімі Гүлнар Қазтайқызы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Абай Сарыбаев құттықтау сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

– Ауылдың дамуына күш-қуат беретін мұндай жарыстардың орны бөлек. Биылғы жарысқа командалар үлкен дайындықпен келгендіктерін көрсетуде. Спортшылар бірыңғай үлгідегі спорттық киіммен қамтылған. Осы орайда, Елбасының салауатты өмір салтын ұстану саясатына лайықты үн қосып жатқан ауыл әкімдеріне, командалар жетекшілеріне зор алғысымызды білдіреміз, – дейді спартакиаданың бас төрешісі Айтжан Мәліков.

Жарыс қаланың спорт залдарына бөлініп өткізілуде. Әрқайсысы жанына жанкүйерлерін көптеп жинаған.

СУРЕТТЕ: спартакиада көрінісі.

Қос мереке қамтылды

«Жасұлан» жасөспірімдер орталығының мәжіліс залында мемлекеттік қызметкерлер және Қазақстан полициясы күндеріне орай салтанатты жиын өтіп, қала әкімі Ғазиз Бекмұхамедов мереке иелерін құттықтап, марапаттады.

Қала әкімінің мадақтамаларына: «Жаңақала», «Екідің» ауылдарының әкімдері Тұрсын Байгукин, Дулат Бейсенов, қалалық ауылшаруашылық бөлімінің бас есепшісі Балсара Құсайынова, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Айтжан Мәліков, ішкі саясат бөлімінің маманы Әсет Нұғыманов, жастар ресурстық орталығының директоры Дархан Кикимов, ҚІБ және жергілікті полиция қызметкерлері Динара Қазайрова, Асылбек Оразалин, Жеңіс Ильясов, Ербол Қосанов, Нұрбол Марқабайұлы, Абзал Әбдірахмановтар ие болды.

Сондай-ақ, салтанатты жиында жас мамандар ант қабылдап, оларға қала әкімі «Мемлекеттік қызметкер» куәлігін табыстады.

СУРЕТТЕ: Қала әкімі Ғазиз Бекмұхамедовтың полиция майоры Ербол Қосановқа марапат тапсырып тұрған сәті.

«Нашақорлыққа жол бермейміз!»

Арқалықта осындай атаумен 26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай белтемірден жарыс өткізілді.

Оған қаланың спортты насихаттап жүрген жастары мен көшеде, аулаларда, спорттық алаңқайларда өз беттерінше жаттығып жүрген жеткіншектер қатысты.

– Жастардың түрлі жаман әдеттерден аулақ болуы үшін мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға арналған тұжырымдамасының шеңберінде осындай спорттық фестиваль ұйымдастырып жатырмыз.

Жарысқа жас ерекшеліктері бойынша 16-27 жас аралығындағы жастар тартылған. Спортшылар екі топқа бөлініп бақтарын сынауда, – дейді қалалық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Дархан Кикимов.

«Ең үздік белтемірге тартылушы», «Ең үздік бөренеге тартылушы» аталымдары бар қос сайыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар белгіленіп, жарыс жеңімпаздары орталық тағайындаған мадақтамалар, спорттық жейделер мен бас киімдерге ие болды.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Фестивальға қатысушылар. Суреттерді түсірген автор.



Суға түскенде сақтықты ұмытпа



Жазда су айдындарында демалғанда қарапайым қауіпсіздік ережелерін есте сақтау қажет. Өкінішке қарай, облыс тұрғындары құтқарушылардың ескертулеріне назар аудармайды. Суға түсу маусымы басталғалы облыстың су айдындарында 7 адам, оның екеуі – балалар, суға кетті.

Департамент, қалалық ТЖ басқармасы мен полиция қызметкерлері кезекті рейдті жеке меншік демалыс орындары мен орталық қалалық жағажайда өткізді. Демалушыларға судағы қауіпсіздік туралы арнайы жадынамалар таратылды. Сондай-ақ, дыбыс құрылғысы арқылы су айдындарында өзін-өзі қалай ұстау жөнінде ескерту жасалды. Су жағасында демалушылар көп болатын демалыс күндері құтқарушылармен



бірлескен рейдтер тұрақты жүргізілетін болады.

Демалушылар қоғамдық орындарда, соның ішінде жағажайларда ішімдік ішкені үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігін білуі тиіс. Мұндай құқықбұзушылық үшін бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

Құтқарушылар қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын ескертеді. Жағажайларда болған жағдайда 112 нөмірі арқылы бірден құтқарушыларды көмекке шақырған жөн.

Қостанай облысының ТЖД төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімі.

Қоғамдық жұмысқа жегілді

Облыстық соттың баспасөз қызметі мәлімдегендей, Қостанай облысының Науырзым ауданының тұрғыны марихуана тартқаны үшін 60 сағат қоғамдық жұмыс істеу түріндегі жазаға тартылды.

Науырзым аудандық соты ҚР ҚК-нің 296-бабы 1 бөлігі (есірткі затын медициналық емес қолдану) бойынша қылмыстық әрекетті жасаған азамат Д.-ға қатысты істі қарады. Полиция қызметкерлері 14 маусымда сағат 19.00 шамасында қоғамдық орында есірткі затымен толтырылған шылымды шеккен 25 жастағы Д.-ны тоқтатқан.

Істі қараған аудандық сот ауыл тұрғынын қылмыстық әрекетте айыпты деп танып, оған 60 сағаттық қоғамдық жұмыс істеу түрінде жаза тағайындады.

5 тәулікке қамауға алынды

Облыстық соттың баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік соты 29 жастағы азамат Д.-ға қатысты әкімшілік істі қарады.

Ол ағымдағы жылдың 17 маусымында сағат 13.00 шамасында Қостанай қаласындағы Красносельский көшесінде құқық бұзушылық жасаған. Сот азамат Д.-ны ҚР ӘҚБтК 669-бабы бойынша (сот қаулысын орындамау) жауапкершілікке тартып, оған 5 тәулікке қамау түріндегі әкімшілік жаза тағайындады.

Сот қаулысы заңды күшіне енген жоқ.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Аяулы да асыл анамыз **Ташмағамбетова Райса Ерғазықызының** дүниеден озғанына бір жыл толып отыр.

Асыл жүзді анамызды жүрегіміз елжірей еске ала отырып, мына өлең жолдарын жолдаймыз.

Анашым!

Қараңғыда адассам, сәулелі ай болдың сен,
Шөлдегенде сусатар, көусәр суым өзің ең.
Жабырқаса көңілім, асыл сөзбен дем беріп,
Құлазып көңіл, жылаған кезде әрдайым,
Жаныма сүйеу болған діңі берік тірегім де сен!

Тәлім бердің бар балаңа еңбектен,
адал бол дедің,
Ешкімнің де ала жібін аттамайтын, үзбейтін.
Қиянат пен арамдықтан, өтіріктен жііркеніп
Ақылы мен парасатпен барлық істі жөндейтін!

Қиындығын бұл өмірдің сездірмедің, көрсетпедің,
Ұл мен қызды ер жеткіздің, жалтақтатпай өсірдің.
"Бауыр" деген ұлы сөздің түбіне терең бойлатып,
Болашағың "Бірлікте" деп татулыққа шақырып,
Бауырмалдық, сыйластықты бойымызға сіңірдің,

Сені ойлаймыз, анашым, жүрегіміз жылайды,
"Бір құшсам" – деп жүрек шіркін мейірімінді аңсайды.
Әттең бірақ, қолымызды қанша сзсақ жетпейді,
Асыл бейнең мәңгілікке санамыздан өшпейді!

Құрметті ағайын!

Марқұм анамыз Ташмағамбетова Райса Ерғазықызының жылына арналған ас Науырзым ауданы, Қарамөңді селосында "Инфинити" және "Айман-Шолпан" кафесінде ағымдағы жылғы 9 шілдеде сағат 12:00-де беріледі.



Қостанай облысы МАЭ сотының 27.06.2016 жылғы ұйғаруымен "ДорСтройКат" ЖШС қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70.

Определением СМЭ суда Костанайской области от 27.06.2016 возбуждено гражданское дело о применении процедуры реабилитации в отношении ТОО "ДорСтройКат". Обращаться по адресу: г.Костанай, ул. Байтұрсынова, 70.

Башпаева Фарида Самаркановна – "Ахметов Талгат Батырбекович" ШҚ сенімді тұлғасы кепілдік жылжымайтын мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен келесі мүлікті сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды, атап айтқанда: – бөлінетін жер телімі, жалпы алаңы 146,2 га, жалдау мерзімі 10.02.2050 жылға дейін, кадастрлік нөмірі 12-178-021-106, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Свердловка с. (елді мекен шегінен сырт жерде).

Сатып алу бағасын төлеу мерзімі мен тәртібі – сауда аяқталған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде. Сауда 2015 жылғы 08 шілде сағ 11.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Обаған с., Юбилейная көш., 7 үй, 1 п. Қатысуға өтінімдер 2016 жылғы 08 шілде сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Силантьевка с., О. Шипин көш., 1. Анықтама үшін телефон: 87478331898.

Башпаева Фарида Самаркановна – доверенное лицо КХ "Ахметов Талгат Батырбекович" в порядке внесудебной реализации проводит торги по реализации заложенного недвижимого имущества, а именно:

– делимый земельный участок общей площадью 146,2 га, сроком аренды до 10.02.2050 года, кадастровый номер 12-178-021-106, с целевым назначением для ведения крестьянского хозяйства, находящегося по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, с. Свердловка (за пределами черты населенного пункта). Порядок и сроки уплаты покупной цены – в течение 10 календарных дней с момента завершения торгов. Торги состоятся 09 июля 2016 года в 11.00 по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, с. Убаганское, ул. Юбилейная, дом 7, кв. 1.

Заявки на участие принимаются в срок до 18.00 часов 08 июля 2016 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Алтынсаринский район, с. Силантьевка, ул. О. Шипина, 1. Телефон для справок: 87478331898.

Қостанай қаласының зейнеткері Сейітұлы Естай бажасы

Жеңіс Ғабдуллаұлының

қайтыс болуына байланысты оның отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Дені саудың — жаны сау"



Қостанай облысы ТЖД "Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" ММ өрт сөндірушілері Полиция күніне және Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған жыл сайынғы дәстүрлі жарыста тамаша

нәтиже көрсетті. Жарыс "Тобыл" ФК орталық стадионында өтті. Бұл жыл сайынғы акция. Облыстың барлық қалалары мен аудандарындағы өрт сөндіру бөлімдері қызметкерлерінің дене шынықтыру дайындықтары тек

қана кәсіби жарамдылыққа аттестация тапсыру кезінде ғана тексеріліп қоймай, осындай жарыстарда да тексеріліп жатады.

Жарысқа қатысушы командалардың жеңіске жетуге деген ниеттері бірден байқалды.

Қатысушылар жарыстың бірінші кезеңінде 100 метрлік қашықтыққа, одан соң 1000 метрлік қашықтыққа жүгіріп, соңғы кезеңде ұзындыққа секіріп сайысты. Қостанай қаласы №3 ӨСБ қызметкерлері жарысқа жақсы дайындықпен келгенін дәлелдеп, жеңімпаз атанса, екінші орынды Қостанай қаласы №1 ӨСБ командасы місе тұтты, алғашқы үштіктен Лисаков қаласы № 18 МӨСБ де көрінді. ӨС және АҚЖҰБ бастығы азаматтық қорғау подполковнигі М.Нұрғалиев құттықтау сөз сөйлеп, жеңімпаздарға медальдар мен құрмет грамоталарын тапсырды.

Қостанай облысы ТЖД "Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" ММ.

Жол ережесін бұзғандар жазаланды

Қостанайлық полицейлер жыл басынан бері жолда жүру ережесін бұзудың 16 мың жағдайын анықтады.

Құқықбұзушылықтардың 250-і мас күйінде көлік жүргізумен байланысты. 200 жүргізуші жүргізушілік құқықтан айырылып, 30-ы қамауға алынды. Сотқа жеткен істер жұртшылық пен БАҚ өкілдерінің қатысуымен ашық түрде өтуде.

Сондай сот мәжілісінің бірі

Қостанай қаласы ішкі істер басқармасы жол-патруль полициясы бөлімінде студенттер мен журналистердің қатысуымен өтті. Мысалы, 28 жастағы қостанайлық жыл басында жүргізушілік куәліксіз көлік жүргізгені үшін ұсталған. Сотталушы үш жыл бұрын жүргізушілік

құқықтан бес жыл мерзімге айырылған болатын. Қостанай әкімшілік сотының судьясы Ә.Әмірғалиева құқық бұзушыға 5 тәулікке қамаққа алу жазасын тағайындады.

"Борышкер" жедел-алдын алу шарасының барысында полицейлер жол ережесін бұзушылармен жұмыс жүргізді. Операцияның алғашқы күнінде 500 мың теңге өндіріп алынды.

● ЖАЗ – 2016

Жаз қызығы "Балдәуренде"



"Жас-Ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығы жыл сайын "Балдәурен" жазғы сауықтыру лагеріне оқушыларды қабылдап келеді. Маусым айының бірінші күнінде "Бес шығармашылық алаң" сайысымен ашылған жазғы демалыс лагері өзінің бірінші маусымын аяқтады. Биыл өткен жылғыға қарағанда лагерьге келушілер саны едәуір көп болды, 4-топ бойынша 146 оқушы қабылданды. Лагерь басшысы Сырым Баймұратовтың ұйымдастыруымен өткен түрлі мәдени-танымдық кештер, спорттық-эстафеталық жарыстар, оқушылардың ой-өрісін дамытатын логикалық тапсырмалар, флэш-мобтар оқушы балалардың естерінде көпке дейін қалары сөзсіз. Бекітілген арнайы жоспар бойынша әр күн белгілі бір күнмен аталып, соған орай түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мысалға, пародия, би алаңы, жасыл табан, керісінше күн, "Денсаулық фестивалі-2016", күлкі күні, "Фанты-панты" топтық



ойындары, "Балдәурен" рекордтары, таза ауадағы демалыс, мәдени-танымдық күн – өлкетану мұражайына саяхат, "Уақыт машинасы" секілді тақырыптағы іс-шаралар өте қызықты болды. Лагерьде жас достар өздерінің таланттарын жұртшылық қауымға көрсете білді. Оқушылар лагерь-

де тек қана спорттық ойындар мен мәдени іс-шараларға қатысып қана қоймай, өздеріне жаңа достар таба білді. Оқушылар жазғы лагерьге келісімен таңғы сергіту жаттығуларын жасаған соң, арнайы жиында күн тәртібімен таныстырылды. Кесте бойынша әр топ белгіленген күні тегін басынға суға түсті. Күн соңы әдетте топ ішіндегі құмсағатпен аяқталады. Құмсағатта оқушылар сол күннен алған әсерлерін айтып, бір-бірімен бөлісті.

"Жас-Ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығында "Балдәурен" лагерінің бірінші маусымының жабылуында гала-концертті өтті. Концертке барлық топ мүшелері, ата-аналар, тәлімгерлер мен тәрбиешілер қатысты. Концерттің бірінші бөлімінде лагерьдің белсенділері, түрлі номинациялар иегерлері, ата-аналар, спорттық жарыстарда орын алған топтық командалар марапатталса, екінші бөлімде лагерьде өткен түрлі сайыстардың жеңімпаздары өнерлерін көрсетті. Оқушылар Жанар Дұғалова, Төреғали Төрәлі, "Дос-Мұқасан", "Кешью" топтарына пародия жасаса, мың бұралған бишілер қазіргі замануи би, үнді, өзбек билерін нақышына келтіріп биледі. "Балдәурен" жазғы демалыс лагеріне арнау айтты, бір сөзбен айтқанда лагерьге келген әр оқушы өз өнерлерін көлген қонақтарға танытты. Концерт "Балдәурен" лагерінің әнұранымен аяқтады.

Б.МӘЖЕНОВА,
тәрбиеші.

Арқалық қаласы.



Жетім балаларға қамқорлық танытты

Полиция күнін мерекелеу қарсаңында, Оқу орталығының кадр және тәрбие жұмысы бөлімшесінің ұйымдастыруымен, арнайы алғашқы оқыту курсына тағылымдамашылар жетім балалардың жазғы демалысында Қостанай қаласының сыртында демалып жатқан лагерьге "Жас бүлдіршіндер және біз" атты концерттік және КВН бағдарламаларымен қонаққа барды.

Концерттік бағдарламаны жүргізген кадр және тәрбие жұмысы бөлімшесінің бастығы, полиция капитаны Олег Петрович: "Біз сіздерді ешқашан ұмытқан емеспіз, балалар күні мерекесімен құттықтап келгенімізде, тағы да келетінімізді айтқан болатынбыз. Өлі алда спорттық жарыстар өткіземіз. Міне, енді мектепті аяқтадыңыздар. Алдарыңызда үш ай жазғы демалыс. Осы демалыстарыңызды өте қызықты өткізіңіздер. Бізге демалып жатқан лагерьлеріңіз өте ұнады. Қазір біздің болашақ полиция қызметкерлерінің сіздерге арналған концертін тамашалаңыздар!" деді.

Концерт соңында балалармен суретке түсіп, жеке әңгімелестік. Кездесу соңында лагерьдің тәрбие жұмысы бойынша қызметкері Анжелика Құсманова да жетім балаларға қамқорлық танытқан орталық мамандарына өз ризашылығын білдіріп, алғысын жаудырды.

Г.ДОСТОЯРОВА,
ҚР ПМ Оқу орталығы.

Қостанай қаласы.

Жазғы демалыс қызықтары

Жадырап жаз айы да жетті. Балалар санасының сабақтан арылып, сайрандап, шат-шадыман болатын шағы. Дәл осы демалыстарын кішкентайларымыз қайда және қалай өткізетіні әрбір ата-ана үшін маңызды.

Жазғы демалыс — баланы еркіндікке жетелеп, шығармашылық, спорт жағынан дамуына, білім мен іскерлік қабілеттерін арттыруға жағдай туғызатын уақытты.

Жыл сайын елімізде әр түрлі үлгідегі мыңдаған лагерь жұмыс істеп, миллиондаған бала демалады.

Ал, Қостанай облысында 9000 балалар мен жасөспірімдерге арналған демалыс және сауықтырумен қамтылған қала сыртындағы 14 (9 мемлекеттік, 5 жеке) лагерь жұмыс істейді.

Бірінші кезекте — жыл сайын жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың жазғы демалысы қарастырылады.

Демалыс кезінде балалар жарақат алмауы үшін "Бағдарламда демалыс жоқ", "Қозғалыс ережесін көбейту кестесіндей жатқа білу керек!" ұрандарымен ЖЖЕ бойынша викториналық сұрақтар мен асфальтқа сурет салу байқаулары ұйымдастырылады.

Биыл төртінші жыл дәстүрлі түрде Қостанай облысында спорттық ойындар түрлерінен (футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, дөйбі және т.б.) сауықтыру лагерлері арасында жазғы спартакиада болып өтеді.

Қорыта келгенде, лагерьлер баланың жазғы демалысының тиімді өтуіне себепкер. Жаңа достар тауып, ой-өрісін кеңейтіп, шымырлана түсетіні сөзсіз.

Гүлдана ӘБДІБАЕВА, ҚМУ 2-курс студенті.

Гүлназым
САҒИТОВА

Облысымыздағы "Чайка" балалардың сауықтыру лагерінің базасында оқушы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, жазғы аусымда олардың демалысы мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру және балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту мақсатында аула клубтарының "Туристтік соқпақ – 2016" фестивалі болып өтті. Фестивальге Қостанай, Рудный, Лисаков қалаларындағы аула клубтарының командалары қатысты.

— Жылда Алтынсарин ауданында орналасқан "Чайка" балалардың сауықтыру лагерінің базасында өтетін дәстүрлі фестивальде аула клубтарында жұмыс істейтін туристік бағыттағы үйірме командалары қатысып, өздерінің жинақтаған тәжірибелерін көрсетеді. Команда мүшелері түрлі кедергілерден мысалы, батпақтан өтті, жарақат алған адамға алғашқы медициналық жәрдем берді, алау жағудың, оттың қанша түрі болатындығын анықтады, түйіндер түйді. Оқушы

балалар аула клубтарындағы туристік үйірмелерде алған теориялық білімдерін байқауда бірі-бірімен жарысып, сынға түсті, — деді балаларға қосымша білім беретін өңірлік оқу-әдістемелік орталығының әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Гүлнәр Ахметова.

Фестивальде жас саяхатшылар кедергілер жолақтарынан өту жарыстары арқылы өздерінің туристік білімдері мен дағдыларын байқатты. Сол секілді конкурс бағдарламасында команда капитандары өздерінің білімдері мен біліктіліктерін, ал, команда мүшелері туристік ән айтып, вокалдық шеберліктерін сондай-ақ бивуакты қалай құру, орнату керек екендігін көрсетті. Фестивальдің қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Қостанай қаласы аула клубтарының командасы бірінші орынды жеңіп алды. Ал, екінші және үшінші орынды Рудный, Лисаков қалаларының командалары ие болды. Кедергілерден өту жарысында жеке-жеке біріншілікте қостанайлықтар ерледі. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер облыстық білім басқармасының мадақтамаларымен және ақшалай сыйлықтарымен марапатталды.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:

54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 8-714-31-2-72-56

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А) — ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11621 Тапсырыс 1363

Нөмірдің кезекші редакторы Қарлығаш ОСПАНОВА.